



ТАҒДЫРЛЫ ТАРИХ ТОҒЫСТЫРҒАН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» атты XXXIII сессиясы өтті. Жиынға Парламент Сенатына ҚХА қатарынан сайланған депутаттар, республикалық этномәдени бірлестіктердің жетекшілері мен мүшелері, Ассамблеяның еріктілері, сондай-ақ бейнебайланыс арқылы Ұйымның өңірлердегі делегаттары қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев, ең алдымен, еліміздің бірнеше аймағындағы табиғат апат салдарын еңсеру үшін жүргізіліп жатқан ауқымды жұмыстарға тоқталып, су тасқыны басталғаннан бері Қазақстан халқы Ассамблеясы да ортақ істен шет қалмай, белсенді әрі үйлесімді жұмыс істеп жатқанын атап өтті. Мұның бәрі өзара жанашыр және тілеулес болудың айқын көрінісі екенін айтты.

«Мен Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Қостанай облыстарына арнайы бардым. Кездесу кезінде жұртшылық Ассамблея мүшелеріне зор ризашылық білдірді. Ассамблея – кейбір адамдар айтып жүргендей, жасанды ұйым емес. Ассамблея – ел бірлігін іс жүзінде орнықтыра

түсетін тиімді құрылым. Бүгінде бұл – конституциялық мәртебесі бар маңызды қоғамдық орган. Ассамблея өте ауқымды қайырымдылық шараларын дер кезінде және жедел ұйымдастырып келеді. Мұның бәрі көпжылдық жүйелі жұмыстың нәтижесі екені сөзсіз. Ассамблея мүшелері «Қайырымдылық керуені» жобасы арқылы мұқтаж жандарға үнемі қолдау көрсетіп жүр. Былтырдың өзінде құны 1,7 миллиард теңгеден асатын көмек берілді. Бірлігі мықты халықтың күш-қуаты азаматтардың бір-біріне деген осындай қамқорлығынан айқын көрінеді», – деді Президент.

(Жалғасы 2-бетте)

ТИІМДІ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЙЫП КЕЛЕДІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Қорғаныс министрі Дун Цзюньді қабылдады. Президент Қазақстанға ресми сапармен келген Қытай Халық Республикасының Қорғаныс министрі Дун Цзюньге ілтипат білдіре отырып, оның тату көршілік, достық қатынастарды және өзара тиімді ынтымақтастықты нығайтуға қосқан үлесін ерекше атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ-қытай байланыстары жоғары деңгейде екеніне, яғни арада мәңгілік әрі жан-жақты стратегиялық серіктестік орнағанына назар аударды. Мемлекет басшысының пікірінше, көпжақты құрылымдар аясында Қазақстан мен Қытайдың өңірлік және халықаралық қауіпсіздіктің негізгі мәселелеріне қатысты көзқарастары ұқсас.

– Біз Біріккен Ұлттар Ұйымы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес шенберінде конструктивті диалог құрып, бір-бірімізге қолдау білдіріп келеміз. Сондай-ақ Қытайдың дүниежүзілік дамуға, жаһандық

қауіпсіздік пен өркениетке қатысты ұсынған бастамаларын жоғары бағалаймыз әрі қолдаймыз. Бұл бастамалар әлемдегі қауіпсіздіктің қазіргі жүйесін нығайтуға оң үлес қосады деп санаймын, – деді Президент.

ҚХР Қорғаныс министрі Дун Цзюнь қонақжайлық көрсеткені үшін Мемлекет басшысына алғыс айтып, ШЫҰ-ға мүше елдердің қорғаныс министрлерінің кеңесі жоғары деңгейде өткенін атап өтті.

Әңгімелесу барысында тараптар бітімгерлік, білім және әскери-техника салаларындағы ынтымақтастықты дамытуға ниетті екенін жеткізді.



СЕРІКТЕСТІККЕ СЕРПІН БЕРГЕН САПАР

Парламент Мәжілісінің Төрағасы Ерлан Қошанов бастаған бір топ депутат ресми сапармен Қытайға барды. Бейжіңде депутаттар Қытай Халық Республикасы Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысы Тұрақты комитетінің төрағасы Чжао Лэцзимен, Қытай Халық Республикасының Халықтық саяси консультативтік кеңесі Бүкілқытайлық комитетінің төрағасы Ван Хунинмен және Қытай Халық Республикасы Төрағасының орынбасары Хань Чжэнмен кездесті.

» 4

ЖАҒАНДЫҚ ТІЗІМ ҚАЗАҚ РУХЫН ЖАҢҒЫРТАДЫ

Өркениетті ұлт ең алдымен, тарихымен, мәдениетімен, ата-бабасының асыл құндылықтарын сақтап, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қоса білуімен ұлы, ұлық бола түседі. Әрбір елдің төл құнды мирасын қаншалықты ардақтап, ұрпақтан-ұрпаққа ұластырып келе жатқанын ЮНЕСКО өзінің мәдени мұралар тізімінде тіркейді. Қазақстан бұл тізімді бета шар, салбурын, кестелеу өнері сияқты бабалар мұрасымен толтыруға талпыныс жасап жатыр.

» 6



ЖАҒДАЙЫҢ ҚАЛАЙ, ЖЕР-АНА?



8

БЕТ

«СЫНШЫЛАР ТАҢДАУЫ»: БӘЙГЕДЕ КІМДЕР ТОП ЖАРДЫ?



12

БЕТ



ТАҒДЫРЛЫ ТАРИХ ТОҒЫСТЫРҒАН

(Басы 1-бетте)

Қасым-Жомарт Кемелұлы түрлі сын-қатерге қарамастан, еліміз стратегиялық мақсат-міндеттерінен айнымайтынына назар аударды. Оның айтуынша, аз уақыт ішінде жүргізілген саяси реформалар нәтижесінде биліктің барлық тармағы адамның заңды мүддесін, құқығы мен еркіндігін қорғауға және оны ілгерілетуге негізделген жаңа жүйе бойынша жұмыс істей бастады. Ендігі міндет — әділдік, инклюзивтілік, прагматизм қағидаларына негізделген және халықтың әл-ауқатын арттыруды көздейтін жаңа экономика үлгісіне көшу. Бұл орайда Қасым-Жомарт Тоқаев Ассамблеяның сессиясы «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» деп аталған, барша халқымыздың стратегиялық бағдарының түпкі мәнін осы үш ұғым дәл әрі нақты білдіретінін, бірлік пен ынтымақ басты құндылығымыз және мемлекеттік саясаттың бұлжымас бағдары болып қала беретінін айтты. Президент осы мақсатқа жету үшін орындалуға тиіс бірнеше өзекті міндетке арнайы тоқталды. Мәселен, Қасым-Жомарт Тоқаев, ең алдымен, Ассамблея жұмысын еліміздің жаңа гуманитарлық идеологиялық доктринасымен үйлестіру қажет деп санайды.

«Біз Құрылтайдың Атыраудағы отырысында негізгі идеологиялық тұжырымдарды жинақтап, жүйелеп алдық. Жалпыға ортақ құндылықтарды айқындадық. Бұл — ең алдымен, Тәуелсіздік және Отаншылдық. Одан кейін — Бірлік және Ұнтымақ. Келесі — Әділдік пен Жауапкершілік. Сондай-ақ — Заң және Тәртіп. Бұдан соң — Еңбекқорлық пен Кәсібилік. Және — Жасампаздық пен Жаңашылдық. Бұл — біздің саясат пен экономикадан бастап, білім мен мәдениетке дейінгі барлық саладағы бағыт-бағдарымыз. Мұның бәрі халқымыздың азаматтық бірегейлігін нығайтады. Дегенмен Құрылтайда айтылған жалпыұлттық доктрина, яғни тұғырнама жетекші қоғамдық институттардың барлығы қолдаса ғана толық жұмыс істей алатынын ұғынған жөн. Сіздердің, қоғамның қолдауы болмаса, бұл доктрина қағаз жүзінде қалады. Мұны міндетті түрде жүзеге асыруымыз керек. Ондағы негізгі қағидаттарды орнықтыру ісінде Ассамблея басты рөл атқаруға тиіс», — деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Президент бұгінде жаһандық катаклизм белең алып, түрлі мемлекеттер арасында әскери-саяси, сауда-экономикалық текетірес, тіпті мәдени-гуманитарлық тартыс күшейіп бара жатқанына тоқталды. Мемлекет басшысы қоғамда ұлтына қарай ерекшеленуге, оқшаулануға ұмтылған кез келген әрекетке, әсіресе азаматтарды тіліне, ұлтына, дініне немесе мәдениетіне бола арандатуға, я болмаса кемсітуге мүлде жол бермейтін орта қалыптастыру маңызды екенін айтты.

«Радикалды идеологияны дәріптеу және ксенофобия отын тұтату үшін халықаралық тұрақсыздықты пайдаланып қалғысы келетіндердің әрекеті анық көрінуде. Кейбір мемлекеттердің геостратегиялық амбициясынан этнодіни астар іздеуге тырысатындардың, тіпті оны өркениетаралық қақтығыс ретінде көрсеткісі келетіндердің үні қатты шыға бастады. Соның салдарынан, қазір әлемнің әр түрлерінде түрлі экстремистік күштердің белсенділігі артып келе жатқаны байқалып отыр. Қазақстан халықаралық құқықты және гуманистік идеалдарды берік ұстанатын ел ретінде алғашқылардың бірі болып Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше мемлекеттерді бейбіт халыққа жасалған сұмдық қатыгез әрекетті айыптауға шақырды. Барша адамзат өзара диалог орнатып, күш біріктіру арқылы ғана халықаралық қатынас саласындағы қайрау мен ыдырау үрдісіне төтеп берелі, берекесіздік пен сенімсіздікті еңсере алады.

Жер жүзінде бәрімізді алаңдататын түрлі оқиғалар болып жатыр. Біртұтас ұлт ретінде дәл осы кезде біздің мақсатымыз да, ниетіміз де бір болуға тиіс. Қоғамда ұлтына қарай ерекшеленуге, оқшаулануға ұмтылған кез келген әрекетке, әсіресе азаматтарды тіліне, ұлтына, дініне немесе мәдениетіне бола арандатуға, я болмаса кемсітуге мүлде жол бермейтін орта қалыптастыру маңызды.

Тіл — көптеген мемлекет үшін өзекті мәселенің бірі. Осы мәселенің дұрыс шешілуі кез келген елдегі қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығына едәуір ықпал ететінін тарихтың өзі көрсетіп отыр. Қазақстанда да солай. Біз осы аса шетін мәселеге келгенде сыртқы-ішкі факторларды ескере отырып, стратегиялық ұстамдылық және толеранттық танытуымыз қажет. Мен қазақ тілі уақыт өте келе этносаралық қатынас тіліне айналатынына сенімдімін. Біз біртіндеп

осыған келе жатырмыз», — деді ол.

Президент Ассамблеяның институционалдық әлеуетін нығайту мәселесіне арнайы тоқталып, Ұйымның мемлекеттік органдармен, Парламентпен және мәслихаттармен қарым-қатынасын жақсартуға түсу керек екенін атап өтті. Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев Ассамблея жетекшілеріне мемлекеттік шешім қабылдау үдерісіне және реформаларды ілгерілету ісіне белсене қатысу, этно-әлеуметтік шиеленіс ошақтарын анықтау және ондай оқиғалардың алдын алуға баса мән беру, Ассамблеяның әлеуметтік тұтастық пен отаншылдықты дәріптейтін институт ретінде нығайту міндеттерін жүктелді.

«Соңғы жылдары Ассамблеяның қызметі айтарлықтай өзгерді.



Бұл құрылым қоғамдағы аса маңызды институтқа және этномәдени бірлестіктердің бас штабына айналды. ҚХА барлық деңгейдегі мекемелермен түрлі бағытта серіктестік орнатып, басқаларға үлгі болуға тиіс. Жергілікті атқарушы органдармен және мәслихаттармен жұмыс жүргізу үшін тиімді тәсілдер табуға баса мән берген жөн.

Менің тапсырмаммен аймақ басшылары кемінде екі айда бір рет Ассамблея өкілдерімен бірге этносаралық ахуалға қатысты жиналыс өткізеді. Ассамблеяның негізгі іс-шараларына облыс және республикалық маңызы бар қала әкімдері тікелей өздері қатысуға тиіс. Мен мұны орынбасарға ысыра салуға болмайтынын нақты ескерттім. Өзгелердің, әсіресе Парламенттің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының дәл осылай жасағаны абзал.

Ассамблея мемлекеттік шешім қабылдау үдерісіне және реформаларды ілгерілету ісіне белсене қатысуы керек. Сондықтан оның ғылыми-сараптамалық әлеуетін дамыту қажет. Этно-әлеуметтік

шиеленіс ошақтарын анықтауға және ондай оқиғалардың алдын алуға баса мән берілуге тиіс.

Ассамблеяның әлеуметтік тұтастық пен отаншылдықты дәріптейтін институт ретінде нығайту керек. Ең алдымен, Ақсақалдар кеңесі және Аналар кеңесі сияқты тиімді құрылымдарды дамыта түскен абзал. Министрліктер және әкімдіктер олардың қызметіне қолдау көрсетуі қажет. Арнайы гранттар бөліп, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстар беруі керек.

Жастар Ассамблея қызметіне тың серпін әкеледі. Сондықтан Ассамблея құрылымдары мен этномәдени бірлестік басшыларының бір орынбасарын жастардан тағайындауды ұсынамын. Орталық және жергілікті органдар Ассамблеяның жастарға, әсіресе волонтерлерге қатысты жобала-

жай-күйіне бәріміз жауапты екенімізді еске салған ол қоғамда экология мәдениетін қалыптастырып, табиғатты аялау қағида-сын дәріптеуге шақырды.

«Менің бастамамен елімізде «Таза Қазақстан» жалпыұлттық науқаны өтіп жатыр. Мұндай шаралар су тасқыны болған аймақтарда да ұйымдастырылады. Бұл ешқандай да бірреттік іс-шара емес екенін ескертемін. Барлық өңірде аумақтарды көгалдандыруға және тазалауға көп көңіл бөлу керек. Әркім ортақ іске үлес қосатын болса, еліміз көркейе түседі.

Біз қалалар мен ауылдарды абаттандыруымыз қажет. Әрбір үй, аула, тұрғын үй кешені, саябақ және басқа да нысандар әкімдердің де, жұртшылықтың да назарынан тыс қалмауға тиіс. Саламатты әрі жайлы орта қалыптастыратын десек, азаматтар барынша белсенділік танытуы керек. Бұл — жалпы азаматтық мәдениетіміздің деңгейін, керек десеңіз ұлттымыздың келбетін көрсетеді», — деді Президент.

Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе, еліміз соңғы жылдары аса күрделі сынақтардың тағы бір тарихи кезеңін бастан өткізіп жатқанын айтып, бірлік пен ынтымақтың арқасында бұл қиындықтың бәрін жетінімізге, шынығып, ширап, бұрынғыдан да мықты болып шығатынымызға сенім білдірді.

«Бәріміз — бір елдің азаматымыз. Тарих тоғыстырған тағдырымыз — бір, сеніммен қадам басатын келешегіміз — бір. Біз біртұтас ұлт ретінде әрдайым бабалар аманатына адал боламыз. Қасиетті қара шаңырағымыз — Қазақстанның жарқын болашағын бірге жасаймыз. Біздің мақсатымыз — айқын, бұл — Әділетті Қазақстанды құру.

Мен Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігін қорғауды Президент ретіндегі ең басты міндетім деп санаймын. Осы қастерлі міндет Әділетті Қазақстанды құру және белсенді әрі сындарлы сыртқы саясат жүргізу арқылы ғана орындалады.

Биік мақсатқа жету үшін түрлі кедергіден өтеміз, барлық қиындықты жеңеміз. Ауқымды міндеттерді орындаймыз. Біз еліміздің басты құндылықтары мен бағыт-бағдарынан айнымаймыз. Мемлекеттілігімізді нығайтып, Тәуелсіздік туын әрдайым биік ұстаймыз. Мен бұған нық сенемін және сол үшін бәрін жасаймын. Бұл — менің Президенттік әрі перзенттік парызым», — деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

ҰЛТТЫҢ ЖАСАМПАЗ КҮШІ

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан халқы Ассамблеясының жыл сайынғы сессиясы өтіп, еліміздің қазіргі жағдайда дамуының маңызды мәселелері талқыланды. Мемлекет басшысы еліміз үшін бүгінгідей жауапты кезеңде ұлттың бірлігі мен ынтымағын нығайту аса маңызды екенін атап өтті.

Президентіміз ҚХА өкілдеріне Қазақстанның бірқатар өңірінде болған алапат су тасқынының салдарын жоюға белсенді қатысқаны үшін алғыс білдірді. Қазір Ассамблеяның мындаған еріктілері төтенше жағдайдың зардабын жою жұмыстарына қатысып жатыр.

Қасым-Жомарт Кемелұлы атап өткендей, тасқыннан зардап шеккендердің бәріне мемлекет тарапынан тиісті көмек пен қолдау көрсетіледі. Ешкім назардан тыс қалмайды. Бизнес өкілдері де белсенді көмек көрсетіп жатқанын атап өткен жөн.

Сессия барысында Қазақстан халқы Ассамблеясының этносаралық келісімді нығайтуда, қоғамда толеранттылық, бейбітшілік және татулық құндылықтарын дәріптеуде ерекше рөл атқаратыны айтылды.

Бұл тиімді әрі халыққа бағдарланған экономика мен демократиялық саяси жүйе құруға арналған ауқымды экономикалық, әлеуметтік және саяси реформалар жүзеге асырылып жатқан қазіргі кезеңде өте өзекті.

Бүгінде еліміз ондаған жылдар бойы түрлі салада қордаланып қалған көптеген проблеманы шешіп жатқаны белгілі. Бұл ретте қоғамдағы татулық, тұрақтылық және өзара түсіністік көздеген мақсаттарға қол жеткізудің негізгі шарттары екені анық.



Бұл, әсіресе бүгінгідей күрделі геосаяси ахуал кезінде айрықша маңызды болып отыр. Қазір кейбір елдер арасында жанжал мен қақтығыстардың ушыға түскенін көріп отырмыз. Мұны белгілі бір күштер өздерінің радикалды идеологиясын насихаттап, ксенофобияны қоздыру үшін пайдаланады. Осындай жағдайда Қазақстан өзара түсіністікке, диалогке және кез келген сипаттағы радикализм мен экстремизмге мүлдем төзбеушілікке бағытталған күн тәртібін дәйекті түрде дәріптеп келеді.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы ауқымды реформаларды іске асыруда жастар айрықша рөл атқаратынын айтты.

Еркін, креативті, жаңа идеяларға ашық, еңбекқор, толерантты азаматтар арқылы ғана ұлттың жасампаз әлеуеті жүзеге асады.

Сондықтан өскелең ұрпақтың бойына дұрыс құндылықтарды сіңіру, оларды мемлекеттік тілге және халқымыздың тарихы мен дәстүріне құрметпен қарауға тәрбиелеу аса маңызды. Бұл ретте жас буын тарихқа қатысты өкпе-реніштерден, догматизмнен және ескірген мәдени стереотиптерден ада болуы керек.

Қазақстандықтардың осындай жаңа буынын тәрбиелеуде Қазақстан халқы Ассамблеясының атқаратын рөлі зор.

Президентіміз нашакорлықтың, құмар ойындардың, тұрмыстық зорлық-зомбылық пен вандализмнің зияны мен салдарына тағы бір мәрте тоқталды. Қазір бұл кеселдерге қарсы тұру үшін ауқымды жұмыс жүргізіліп жатыр. Осы бағытта мемлекет пен барлық қоғамдық институт, әсіресе Қазақстан халқы Ассамблеясы жұдырықтай жұмылуы қажет.

Сессия барысында Мемлекет басшысы Қазақстан халқы Ассамблеясының гуманитарлық әлеуетін дамыту жөнінде жаңа міндеттер жүктеді. Келесі 2025 жылы Ассамблеяның құрылғанына 30 жыл толады. Бұл атаулы дата маңызды әлеуметтік жобалар мен бастамаларды іске асыруға тың серпін беретіні анық.

Қазір Парламент Сенатының депутаттары Президентіміз белгілеп берген міндеттерді іске асыруға белсенді атсалысып келеді. Барлық заң елдегі тыныштық пен келісімді қамтамасыз ету тұрғысынан жан-жақты сарапталады. Ассамблеядан сайланған депутаттар басқа әріптестерімен бірге Қазақстанда тұратын барлық этностардың мәдени-гуманитарлық мүдделерін ескере отырып, жұмыс істейді.

Сенат алдағы уақытта да Мемлекет басшысының еліміздегі бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз етуге арналған саясатын белсенді түрде қолдап, әділетті, демократиялық және тұрақты Қазақстан құруға арналған кешенді реформаларды іске асыру үшін құқықтық негіз қалыптастыруды жалғастыра береді.

Мәулен ӘШІМБАЕВ,
Парламент Сенатының Төрағасы

• ПІКІР

БІРЛІК – БАРЛЫҚ ҚИЫНДЫҚТЫҢ ШЕШІМІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» атты XXXIII сессиясында еліміз қарқынды дамуы үшін ондаған жыл бойы қордалаған көптеген мәселені шешуіміз қажет екенін атап тұрып көрсетті.



Менің көңіліме ұнағаны, ол кісінің «Жойқын су тасқынынан бұзылған үйлерді қалпына келтіру, зардап шеккен тұрғындардың қалыпты өмірге қайта оралуын қамтамасыз ету — дәл қазір Президент ретінде менің алдымда тұрған аса маңызды міндет» деген сөзі болды. Шынында да, бұл — бәрімізге жүктелген үлкен сын, ауқымды міндет. Тасқын судан қираған үйлер, бұзылған жолдар, көптеген инфрақұрылымды қысқа мерзім ішінде қайта қалпына келтіруіміз керек.

Президент бұрын жоспарланып қойған халықаралық іс-шараларды қысқарту туралы Үкіметке нақты тапсырма берді. Барлық қаражат, мүмкіндік апат зардабын жоюға, халық тұрмысын оңалтуға арналатын болады.

Үкімет пен жергілікті әкімдік қазірдің өзінде тұрғындардың шығындарын өтеу жұмысын бастап кетті. Мал шығынын төлеу, баспана мәселесін шешіп беру үшін арнайы комиссиялар қызмет етіп жатыр. Мемлекет басшысы «Мен үшін ең бастысы азаматтардың әл-ауқатының жақсаруы» деп табиғи апат зардабының оңалатынына кепілдік берді. Шынында да, ел болып ұйыссақ, алынбайтын қамал жоқ, бітпейтін іс жоқ.

Біз соңғы екі-үш жылдың бедерінде жүйелі саяси реформалардың жолын өткердік. Ел экономикасын жаңғырту және қоғамдық этиканы жаңарту бойынша күрделі жұмысқа кірістік. Бұл саяси реформалар азаматтық қоғамның дамуына күшті серпін беруде. Бүгінде ел азаматтарының мемлекеттік шешімдер қабылдауға қатысу мүмкіндіктері едәуір кеңейді. Мақсатымыз — әркімнің лайықты өмір сүруіне жағдай туғызу. Мұндай реформалар өз ауқымы бойынша бұрын-соңды болмаған сипатқа ие болып жатыр. Сондықтан оларды сапалы іске асыруды жалғастыруымыз қажет.

Президент 15 наурызда Атырауда өткен Ұлттық құрылтай отырысында инфрақұрылымдық бастамалар жүзеге асатынын айтқан болатын, 1 мамырдан бастап соның бір мысалы ретінде «Наурыз» атты жаңа ипотекалық бағдарлама іске қосылмақшы. Аталған бағдарлама 8 жылға арналып отыр. Нәтижесінде, 70 мыңға жуық баспанасыз отбасының әлеуметтік мәселесі шешіледі.

Тарихқа көз жүгіртіп қарасақ, біздің халық кез келген дағдарыс жағдайынан, қиындықтан сабақ ала отыра еңсеріп шыққанын білеміз. Менің ойымша, осы жолы да тұтас ұлт болып, тың мүмкіндіктерге жол ашамыз. Қоғамда түбегейлі өзгерістер жасайтын кезең алдымызда тұр.

Мұқаш ЕСКЕНДІРОВ,
Парламент Мәжілісінің депутаты,
«AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі

ЫНТЫМАҚТЫҢ АСЫЛ ҮЛГІСІН КӨРСЕТТІ

Биылғы басқосу мемлекетіміз үшін күрделі кезеңге тұспа-тұс келіп отыр. Шын мәнінде, бұл сессияның дәл осы кезеңде өткізілуінің мәні зор болып тұр. Халық өте ауыр сынаққа түсіп жатқан кезде Арқадағы ағайынға, Жайықтағы жұртқа бүкіл Қазақстан халқы көмектесуге ұмтылды. Осы кезеңде халқымыз, Президент айтқандай, бірлік пен ынтымақтың асыл үлгісін көрсетті.



Бұл — ешқашан ескірмейтін құндылықтар. Тасқын басталғаннан бері Қазақстан халқы Ассамблеясы да белсенді әрі үйлесімді жұмыс істеп жатыр. Оның айқын мысалы, жұртқа жан-жақты көмек беру үшін дереу Ассамблеяның республикалық және аймақтық штабтары құрылды. «Жүректен жүрекке» деген ауқымды акция жүргізіліп жатыр. Апат аймақтарына 1 500 тоннадан астам азық-түлік және ең қажетті тауарлар жолданды. Оның жалпы сомасы шамамен 770 миллион теңге болды. Су тасқынымен күреске этномәдени бірлестіктердің 12 мыңға жуық өкілі қосылды. Олар қайырымдылық және гуманитарлық көмек жинауға жұмылды. Сондай-ақ жұртты қатерден хабардар етуге және қауіпсіз жерге көшіруге атсалысты. Су тапшылығы болған жерлерге ауыз-су жеткізуге көмектесті. Бұл — өздерінің көріп отырғандай, бірлік пен ынтымақтың арқасында жүзеге асып жатқан шаруалар.

Президент Ассамблея сессиясында: «Мен қазақ тілі уақыт өте келе этносаралық қатынас тіліне айналатынына сенімдімін» деген болатын. Біздің Қолданбалы этносаяси зерттеулер институтының мониторингтік зерттеу орталығы өңірлерде көп жұмыс жүргізеді. Сол кезде біз өзге ұлт өкілдерінің қазақ тіліне деген қызығушылығы артып келе жатқанын байқаймыз. Жастардан бастап, егде тартқан адамдарға дейін қазақ тілін үйренуге ден қоя бастаған. Тіпті, өзбек, ұйғыр, түрік, күрд сияқты ұлттардың өкілдері күнделікті өмірінде қолданып, еркін сөйлей алады. Бұл тұста Достық үйлерінің ықпалы зор болып тұр. Осы ретте Мемлекет басшысы: «Достық үйлері жалпыұлттық ықпалдастық үшін қажетті орталыққа әрі барлық аймақта Ассамблеяның ауқымды бастамаларын жүзеге асыратын сенімді орынға айналды. Олар әлеуметтік маңызы бар жүзден астам жобаны іске асыруға ұйытқы болды. Алайда Достық үйінің қызметін жетілдіріп, күшейте түсу мәселесін ойластырған жөн. Олар қоғамдық кездесулер мен талқылаулар өтетін және тың бастамалар мен идеялар туындайтын комьюнити-орталыққа айналуға тиіс. Мен бұл бастаманы қолдаймын», — деп жоғары баға берген болатын. Ендеше Достық үйі этномәдени бірлестіктер бас қосатын орын ғана болып қалмауы керек. Сонымен бірге ол жергілікті қоғамдастықтардың дамуына жол ашып, тірек болатын, бірлік, жасампаздық, өрлеу сияқты құндылықтарды дәріптейтін орталық болуы қажет.

Діңмұхаммед ҒАЛИ,
Қолданбалы этносаяси зерттеулер институты
мониторингтік зерттеу орталығының директоры

Парламент Мәжілісінің Төрағасы Ерлан Қошанов бастаған бір топ депутат ресми сапармен Қытайға барды. Бейжіңде депутаттар Қытай Халық Республикасы Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысы Тұрақты комитетінің төрағасы Чжао Лэцзимен, Қытай Халық Республикасының Халықтық саяси консултивтік кеңесі Бүкілқытайлық комитетінің төрағасы Ван Хунинмен және Қытай Халық Республикасы Төрағасының орынбасары Хань Чжэнмен кездесті.



СЕРІКТЕСТІККЕ СЕРПІН БЕРГЕН САПАР

Қытай Халық Республикасы Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысы Тұрақты комитетінің төрағасы Чжао Лэцзимен кездесуде тараптар парламентаралық диалогтан бастап екі ел арасындағы экономикалық және мәдени ынтымақтастыққа дейінгі көптеген мәселені талқылады.

— Соңғы екі жыл Қазақстан мен Қытай тарихындағы маңызды кезең болды. Мемлекет басшыларымыздың күш-жігерінің арқасында ол жана деңгейге көтерілді. Біздің парламентаралық арасындағы өзара ынтымақтастық көшбасшыларымыздың қол жеткізген уағдаластықтарын іске асыруға бағытталуға тиіс. Бұл ресми сапарымыз парламентаралық байланыстарды жан-жақты нығайтуға жақсы мүмкіндік береді, — деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс Спикері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүргізіліп жатқан жүйелі өзгерістер туралы, сондай-ақ Мәжілістің қазіргі қызметі жайлы айтып берді.

Қазақстан депутаттары қытайлық әріптестерінің тәжірибесіне, соның ішінде жасанды интеллектіні қолдану және төтенше жағдайларға қарсы күрес саласындағы тәжірибесіне ерекше қызығушылық танытты.

байланысты екі ел азаматтарының өзара сапарларының айтарлықтай артқанын атап өтті. Олар мұны үлкен дипломатиялық жетістік деп атады.

Кездесу барысында спикерлер мәдениет, білім беру салаларында да серіктестікті арттыру және екі елдің астаналарында мәдени орталықтарының тезірек ашылуына мүдделілік танытты.

Кездесу соңында Мәжіліс Спикері әріптесін Қазақстанға ресми сапармен келуге шақырды.

Сондай-ақ Ерлан Қошанов Қытай Халық Республикасының Халықтық саяси консултивтік кеңесі Бүкілқытайлық комитетінің төрағасы Ван Хунинмен кездесті. Танымал қытай саясаткері Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың реформаларына жоғары баға беріп, Қытай инновация мен цифрландыру саласы бойынша әріптестікке дайын екенін мәлімдеді.

— Қытайдың Қазақстанның ұлттық даму жолын қолдауға, оның елдің егемендігін, тәуелсіздігін, қауіпсіздігін, аумақтық тұтастығын қорғауға бағытталған күш-жігерін қолдайтындығын растаймын. Біз Президент Тоқаевтың басшылығымен Жаңа Қазақстан құру жөніндегі стратегиялық мақсаттың орындалатынына сенімдіміз. Қазақстанның дамуы мен өркендеуіне тың серпін беретін өзара тиімді ынтымақтастық

даму стратегияларын үйлестіріп, саяси байланыстарды нығайту маңызды, — деді қытайлық саясаткер.

Ван Хунин жуық арада Қазақстан Парламенті қабылдаған «Ұлттық қор — балаларға» заңының іске асырылу барысына қызығушылық танытты.

қатынас орнаған 30 жыл ішінде елдеріміз тату көрші, жақсы дос, сенімді серіктеске айналғанына және алдағы жаңа алтын 30 жылдықта Қытай мен Қазақстан бар күш жігерін көшбасшыларымыздың келісімдерін іске асыруға бағытталуы керектігіне мән берді.

— Біз ынтымақтастығымызды инновациялар есебінен де ілгерілетуіміз керек. Баламалы энергия, трансшекаралық электронды сауда, спутниктік телекоммуникация сынды жаңа салаларда байланыстарымызды тереңдету қажет, — деді Хан Чжэн.

тудағы рөліне тоқталды. Сондай-ақ ол екі елдің депутаттары өзара келісімдер мен уағдаластықтардың орындалу сапасын жүйелі түрде бақылай алатынын атап өтті.

Басқосуда сауда-экономикалық саладағы ынтымақтастық мәселелері де қозғалды.

— Қазақстанның Қытаймен сауда-саттығының жартысынан астамы Шыңжаң—Ұйғыр автономиялық ауданына тиесілі. Өсу қарқыны көңіл қуантады. Бұған былтыр қараша айында енгізілген визасыз режим оң әсер еткені сөзсіз. Жақында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен Үрімжі қаласында QazTrade сауда өкілдігі ашылады. Оның қызметі екі ел арасында іскерлік байланыстарды нығайтуға бағытталады, — деді Ерлан Қошанов.

Тараптар Қазақстан аумағында электронды сауданы дамыту үшін бірлескен өңірлік қойма инфрақұрылымын құру идеясын да талқылады. Сондай-ақ көлік-логистика, ауыл шаруашылығы, трансшекаралық су ресурстары және туризм салаларындағы ынтымақтастық мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Ма Синьжуй Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Шыңжаң—Ұйғыр автономиялық ауданына жасаған сапарының маңыздылығына тоқталды. Сондай-ақ ол Қазақстан Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» жаһандық бастамасын жүзеге асырудағы негізгі стратегиялық серіктесі екенін атап өтті. Оның айтуынша, қазір Шыңжаңның Қазақстан өңірлері-



Жаслан ЖҰМАБЕКОВ (фото)

Ерлан Қошанов Президент жариялаған экономикалық өзгерістер Қытаймен инфрақұрылымды жаңғырту, өндірісті, банк ісін дамыту және жана инвестициялар тарту мәселелері бойынша жаңа мүмкіндіктерге жол ашатынын айтты.

Қытай Халық Республикасы Төрағасының орынбасары Хань Чжэнмен кездесуде екі жақты экономикалық ынтымақтастықтың қарқыны жоғары екені айтылды.

— Сіз Қазақстан—Қытай ынтымақтастық комитетін табысты басқардыңыз және елдеріміздің достық әлеуетін жақсы білесіз. Қазір энергетика, автокөлік құрастыру, логистика, электрондық сауда салаларында бірқатар серпінді жоба іске асырылуда. Екі ел арасындағы өзара тауар айналымы тарихтағы ең жоғары деңгейге — 41 миллиард АҚШ долларына жетті. Мұның барлығы қысқа уақыт ішінде ауқымды мақсаттар қойып, орта мерзімде сауда-саттықты еселеп арттыруға мүмкіндік береді, — деді Мәжіліс Төрағасы.

ҚХР Төрағасының орынбасары, дипломатиялық қарым-

Ұйғыр автономиялық ауданының орталығы Үрімжі қаласында жалғасты. Онда Қытай Халық Республикасының Шыңжаң—Ұйғыр автономиялық ауданы Қытай коммунистік партия комитетінің хатшысы Ма Синьжуймен кездесті.

Тараптар екіжақты, соның ішінде өңіраралық ынтымақтастықтың жай-күйі мен келешегін талқылады.

— Былтыр Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Шыңжаң—Ұйғыр автономиялық ауданында болды. Одан кейін Сіз Қазақстанға жұмыс сапарымен келдіңіз. Бұл оқиғалар Шыңжаң мен Қазақстанның шығыс облыстары арасындағы өңіраралық байланыстарға тың серпін берді. 1 783 шақырымға созылған ортақ шекарамыз бар. Оған қоса, осы Шыңжаң аумағында біздің 1,6 миллионнан астам қандасмыз, қазақ бауырымыз тұрады. Олар Қазақстан мен Қытай арасындағы «алтын көпірге» айналды, — деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс Төрағасы Шыңжаң Қазақстан үшін достас Қытайға жол ашатынын және екі ел арасындағы мәңгілік жан-жақты стратегиялық әріптестікті нығай-

мен ынтымақтастығы бұрын-соңды болмаған тарихи деңгейге жетті. Жақын арада «Аяғөз—Тачэн» үшінші теміржол шекара өткелінің құрылысы басталады. Теміржол Шыңжаң мен Қазақстанның шекаралас облыстарымен байланысын одан әрі кеңейтіп, Қытайдың Орталық Азияға алтын қақпасы ретіндегі рөлін нығайтады.

— Қазақстан реформаларды жүйелі түрде жүргізуде. Біз сіздер үшін қуаныштымыз. Президент Қ.Тоқаев бастаған реформалар өз жемісін береді деп сенеміз. 2029 жылға қарай Қазақстан экономикасының өсуі қарапайым азаматтардың өміріне екі есе оң әсер етері сөзсіз. Бұл жерде Қытай мен Қазақстанның әлеуеті бір-бірін толықтыратыны маңызды. Біздің энергетика, ауыл шаруашылығы, гуманитарлық салада болашағымыз зор, — деді Ма Синьжуй.

Сапар барысында Мәжіліс делегациясы Қытайдағы ең ірі ауыл шаруашылығы техникасын өндіруші Xinjiang Xinyuan компаниясының қызметімен танысты.

Гүлім МҰҚАНАТТЕПІ



Чжао Лэцзи парламентаралық ынтымақтастық Қытай мен Қазақстан арасындағы мәңгілік жан-жақты стратегиялық әріптестіктің маңызды бөлігі екеніне тоқталды. Сондай-ақ ол Мәжіліс Төрағасының бұл сапары екіжақты ынтымақтастыққа тың серпін беретініне сенім білдірді. Тараптар былтырғы жылдың қараша айында визасыз режим енгізілген сәттен бастап және Қазақстанның Қытайдағы туризм жылының өткізілуіне

тыққа мүдделіміз. Қытай тарапы еліңізге сенімді тірек болуға дайын, — деді Ван Хунин.

Қытай тарапы Қазақстанның жаһандық ықпалының өсуін және оның халықаралық аренада дауыс беру құқығын арттыруды қалайды.

— Президент Тоқаев 2029 жылға қарай ішкі жалпы өнімді екі есе арттыруды стратегиялық мақсат етіп қойды. Осы мақсатқа жетуде қазақстандық әріптестерімізді қолдаймыз. Сондықтан екі елдің



«AMANAT» партиясының Әйелдер қанаты білім саласындағы гендерлік теңдік мәселесін талқылады. Жиынға Оқу-ағарту, Мәдениет және ақпарат министрліктері өкілдерімен қатар, шетелдік сарапшылар қатысып, пікірлерімен бөлісті.

Еліміз былтыр Дүниежүзілік экономикалық форумының жаһандық гендерлік индекс рейтингінде 146 елдің ішінде 62-ші орыннан табылды. «AMANAT» партиясының хатшысы Шолпан Каринова гендерлік теңдік саясаты еліміздегі білім беру және денсаулық сақтау салаларында айқын көрінетінін атап өтті.

«Гендерлік теңдік мәселесі Алашорда кезеңінде де өзекті болған. Білім саласындағы гендерлік теңдік мәселесі 1917 жылғы бүкілқазақ съезінде де көтерілген. Міне, бұл сол уақыттан бері талқыланып келе жатқан тақырып. Бүгінде елімізде бұл бағытта бірқатар жетістікке қол жеткізілді. Мәселен, денсаулық сақтау және білім салаларында әйелдер санының артқанын аңғаруға болады. Ал экономика және саясат салаларында әлі де назар аударатын мәселелер бар. Білім беру саласында Назарбаев университетінің жүргізген зерттеуін негізге алуға болады. Мәселен, мектеп оқулықтарында ұл баланың бейнесі орталық позицияларда берілген, ал қа-

сындағы қыздардың позициялары қосалқы ретінде ұсынылады. Бұған дейін мұндай мәселелерге жіті мән берілген жоқ. Алдағы уақытта осыны да назарға аламыз. Сонымен бірге осы Әйелдер қанаты атқаратын жұмыс аясында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен бірлесіп, биыл неміс елінің қорымен бірге зерттеу жұмысын бастадық», — деді ол.

Мемлекеттік саясаттың білім беру саласындағы негізгі қағидатының бірі — жалпы білім беретін мектептерде қыздар мен ұлдар үшін мемлекеттік стандартқа сәйкес сапалы білім алуға теңдей жағдай жасау. Бүгінде республика бойынша 8 000-ға жуық мектеп бар, онда 3,9 млн бала білім алады. Оның 49 пайызы — қыз балалар. Сондай-ақ мектептерде білім беретін 400 мың педагогтің 80 пайызы — әйелдер. Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрайымы Насымжан Оспанованың айтуынша, бүгінде білім беру мекемелерінде балалардың құқығын қорғау мақсатында

ГЕНДЕРЛІК ТЕНДІКТІ САҚТАҒАН ЖӨН

бірқатар тиімді шара жүзеге асырылған.

«Бізге балалардың құқығын қорғаудың өте маңызды кешенді жоспары бар, онда балаларды зорлық-зомбылықтың барлық түрінен қорғау тетіктері айқын көрсетілген. Айта кету керек, 2020 жылдан бастап, барлық мектепте балалардың құқығын қорғауға бағытталған чат және «111 AMANAT» шұғыл қызметі жұмыс істейді. Сондай-ақ осы оқу жылының қыркүйегінен бастап «Бір тұтас тәрбие» ұлттық

беру және жұмыспен қамту сынды салаларда ерекше назар аударылады.

«Егер де бізде жұмысқа тұруға ер мен әйел қатар келіп, кандидатты жұмысқа алу барысында ер адамға басымдық берілетін болса, жұмыс беруші заң аясында жазаланады. Бұдан бөлек, тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесі біздің елімізде де бар. Сондай жағдайға тап болған әйелдерді қорғайтын арнайы орталықтар жұмыс істейді. Бізде де бұл бағытта 2018 жылы ар-

нистрлігі БҰҰ әйелдер құрылымымен бірлесіп, білім беру саласындағы дискриминацияға қарсы зерттеу жүргізуде. Бұл туралы Мәдениет және ақпарат министрлігі Жастар және отбасы істері комитеті төрағасының орынбасары Найла Мұхтарова айтты.

«Жалпы, орта білім беру мектептерінің оқу-әдістемелік материалдары, оқулықтары талданды. Сараптама үшін тандалған оқу материалдары орта білім берудің барлық деңгейін көрсетеді, гуманитарлық және ғы-



тәрбие жобасы жүзеге асырылды. Онда қыз баланың отбасындағы, тәрбиесіндегі, білім берудегі, біздің өміріміздің барлық салаларындағы рөлі көрсетілген», — деді ол.

Басқосуға қатысқан шетелдік сарапшы Роберт Симнің айтуынша, Шотландияда саяси шешімдерді қабылдаудың, іске асырудың және бағалаудың барлық кезеңдерінде гендерлік теңдік маңызды рөл атқарады. Әсіресе, денсаулық сақтау, білім

найы заң қабылданды. Жалпы, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған кез келген әйел Үкіметтен көмек сұрай алатындай болуы керек. Сонымен қатар Шотландияда әкесі мен анасы балаға теңдей жағдай жасауға міндеттелген. Бұл да өте маңызды», — деді ол.

Білім беру жүйесі гендерлік теңдік қағидаттарын ілгерілетуде маңызды рөл атқарады. Бұл ретте Мәдениет және ақпарат ми-

лым бағытын қамтиды. Үлгілік оқу бағдарламалары мен оқулықтарды талдау нәтижелері бойынша қорытындылар келесідей: мектеп пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұны гендерлік аспектінің жеткіліксіз көрінісін анықтады. 2023 жылы педагогтердискриминацияға қарсы мәдениетке оқытылды. Биыл да осы оқуды жалғастыруды жоспарлап отырмыз», — деді ол.

ЕРІКТІЛЕР ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ АКЦИЯҒА ҚОСЫЛДЫ

«AMANAT» партиясы «Жастар Рухы» жастар қанатының 4 мыңға жуық волонтертері «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясына қосылды. Олар су тасқынынан зардап шеккен тұрғындардың үйлерін ретке келтіруге көмектесуде.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы қолға алынды. Оның аясында көше тазалау, елді мекендер аумағын көгалдандыру және абаттандыру, су тасқынынан кейін қалалар мен ауылдарды қалпына келтіру жұмысы жүргізіліп жатыр.

Осылайша, «Жастар Рухының» 4 мыңға жуық волонтертері су тасқынынан зардап шеккен тұрғындардың үйлерін ретке келтіруге көмектесуде. Волонтерлер тазалық жұмысын жүргізіп,



жиһаздар мен заттарды келтіруде. Сонымен қатар үй маңындағы үйінділерді тазартып жатыр.

Мәселен, Ақмола облысы Иванковка кентінде 150-ден астам адам тұрып жатқан 67 үйді су басты. Еріктілер үйлердегі жөнделуге келетін техника мен тұрмыстық заттарды аулаға шығаруда.

«Бүгінде су біртіндеп азайып, тұрғындар үйлеріне оралуда. Сондықтан біз бірінші кезекте зейнеткерлер мен жалғызбасты аналарға көмек көрсетуге келдік. Осындай жұмыс Абай, Қостанай және Ақтөбе облыстарында бастау алды. Сын сағатта бірлігіміз бен ынтымағымызды көрсету,

зардап шеккен отбасыларға көмек қолын созу маңызды. Адамдар қиындықпен жалғыз күреспейі керек», — деді «Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы Ақерке Искандерова.

Партиялықтар су тасқынынан зардап шеккен Ақтөбе облысының тұрғындарына да көмек көрсетуде. Жастар қанатының белсенділері су басқан Қобда ауыл тұрғындарына көмекке келді. Айта кетейік, Қобда ауданында барлығы 200-ден астам үй суастында қалды. Зардап шеккен тұрғындарға шамамен 370 мың теңге көлемінде біржолғы жәрдемақы төленуде. Үй қалпына келтіруге жарамайтын тұрғындарға жаңа баспана салынады. Үй тұрғызылатын учаскелер анықталып, құрылыс материалдарын жеткізу жұмысы басталды.

Бұл ретте «AMANAT» партиясының белсенділері мен «Жастар Рухының» волонтерлері

су тасқынынан зардап шеккен облыстарда ғана жұмыс істеумен шектелмей, өзге өңірлерде де «Таза Қазақстан» науқанына қосылып жатыр.

Мәселен, Қызылордада партия мүшелері қалалық «Еңбек аллесаын» қоқыстан тазартып, ағаштарды өктеді. Ұлытау облысында белсенділер Жошы ханның тарихи-мәдени кешені аумағында тазалық жұмысын жүргізді. Шымкентте жас рухтасар Бадам өзенінің жағасында сенбілік өткізсе, Алматыда ALA бағына 300 ағаш екті. Астана қаласындағы «Жастар Рухының» белсенділері де игі істен шетте қалмады. Олар «Ататүрік» саябағында тазалық жұмысын ұйымдастырды. Ал Абай облысында партиялықтар Воскресеновка ауылының жанындағы орман алқабына қарағай көшеттерін отырғызу жұмысына атсалысты.

Биыл – ғылымға арнаған әдебиеттанушы, өнертанушы, шығыстанушы, қазақ археологиясының атасы атанған Әлкей Марғұланның 120 жылдық мерейтойы. Ғалымның басшылығымен бүкіл Еуразия аумағына тараған қола дәуірінің соңғы кезеңіне жататын Беғазы-Дәндібай мәдени ескерткіштеріне 1947-1952 жылдар аралығында қазба жұмыстары жүргізілген еді. Алайда содан кейін жарты ғасыр бойы әлемдік маңызға ие мәдени мұра қараусыз қалып қойған-ды. Дегенмен соңғы жылдары ғалымның шәкірттері бұл бағыттағы жұмысты қайта бастады.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Қазір осы қазба жұмыстарының басы-қасында Әлкей Марғұланның соңғы аспиранты, Қарағанды мемлекеттік университетінің профессоры, археолог Сағындық Жауымбаев жүр. Ұстазының ісін жалғастырған ғалым Әлкей Марғұланның соңғы аспиранты болғанын әлі күнге мақтанышпен айтады.

«1974 жылы сол кездегі С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің Тарих факультетін бітірдім. Сол жылы Қарағанды университетіне келдім. Биыл осында Қазақстан тарихы кафедрасында жұмыс істеп жатқаным 50 жыл болады. Студент кезімізде археолог Абдулманап Оразбаев ұстазымыз болды. Осы Абдулманап Оразбаев Әлкей Марғұланның шәкірттерінің бірі екен. Ең бірінші шәкірті – Кемел Ақышев. Ал мен академиктің соңғы аспиранты болдым», – дейді профессор Сағындық Жауымбаев.

Профессордың айтуынша, Абдулманап Оразбаев археология мамандығында оқығысы келетін жастардың тізімін жасапты. Сөйтіп, 75 студенттің ішінен 9-ын таңдап алады. Оның ішінде Сағындық Жауымбаев пен Кемел Ақышевтің ұлы Әлішер де бар еді.

«Осы тоғызмыз археология мамандығын оқып шықтық. Бірақ археологияға барған жастар аз болды. Бізге Әлкей Марғұлан келіп арнайы курс оқитын. Ағамыз «Орталық Қазақстанның археологиялық ескерткіштері» деген тақырыпта дәріс берді», – дейді кейіпкеріміз.

Университет бітірген жастар жан-жаққа тарап кетеді. Сағындық Ұбайұлы да Қарағандыға оралды.

«1974 жылы осында келіп оқытушы болып орналастым, 1975 жылы студенттерді алып қазба жұмыстарына шықтық. Солтүстік Қазақстанда Сергеевқа деген аудан бар. Кейін Шал ауданы болып өзгерді. Сол жерде қазба жұмыстары жүріп жатқанда, шілде айында Қарағанды университетінің ректоры Ебіней Арыстанұлы Бөкетов келді.

Сәлем берсем, «Ей, батыр не істеп жатырсың?» – дейді.

«Аға, осында қола дәуірінің ескерткіштерін қазып жатырмыз», – дедім.



Академик АМАНАТЫН

АРҚАЛАҒАН

«Ә-ә, жарайды, онда сен мынау қазақтың бейіттерін көріп тұрсың ба?» – деді.

«Көріп тұрмын!».

«Осының ішінде әкем мен шешем жатыр. Жылына бір рет келіп кететінім бар. Биыл сендер осы жерде екенсіңдер, сендердің лагерьлеріңде болайын», – деді.

Содан лагерьде қонды. С мал сойып қойғанбыз. Қонақ болды. Палатқада қонған ғалым ағамыз: «Ой, Сағындық, әкем мен шешемнің басына бірінші түнеуім», – деп алды да: «Егер аспирантураға бір жаққа баратын болсаң, маған айтарсың», – деді.

Бір жылдан кейін Ғылым академиясына аспирантураға орын келді. Ебіней Арыстанұлына кіріп, «Бізге орын бөлініпті. Мен баратын болдым», – деп едім, «Жарайды, олай болса екі-үш күннен кейін келсейші», – деді.

Кетер кезде бардым. Қолыма екі конверт ұстатты.

«Біреуін Әлкей Марғұланға тапсырарсың», – деді.

Алматыға барып аспирантураға түстім. Орналасып алғаннан кейін Әлекенді іздеп тауып, сәлемдемені бердім. Конвертті ашып қарады да «Жауымбаев Сағындық деген сенбісің?» – деді.

«Иә, мен боламын, аға».

«Ебеке, сені «аспирант қылып ал» депті ғой. Мен биыл аспирант алмаймын деп ойлап едім. Кітаптарым да бар жазылмаған, соларды қолға алуым керек. Аспиранттармен жұмыс істейтін уақытым жоқ менің. Бірақ Ебекең айтқаннан кейін амал жоқ алайын», – деді. Бұл 1976 жыл болатын», – дейді Сағындық Ұбайұлы.

Содан жас Сағындық үш жыл Әлкей Марғұланның аспиранты болады. Бір жылы бірге археологиялық экспедицияға да шығады.

Маған ақылын айтады. «Сен Петер Фалькті, Георг Ниманды, алғашқы Ресей академиктерін оқы, шырақ», – деп көп кітапты тізіп айтатын.

Соларды оқыдым, білімге қанықтым.

Көшеде жүргенде көптеген ғалымдар, тарихшылар, жазушылар Әлкей ағамызға келіп сұрақ қойып жататын, ол кісі де асықпай түсіндіріп, ақыл айтып, жөн сілтейтін.

«Мынау – Ахмед Сафи деген академик, жас жазушы Акселеу Сейдімбек деген жігіт» деп таныстырып жататын», – дейді кейіпкеріміз.

1978 жылы Қазақстан Ғылым академиясының Тарих, археология және этнология институтының директоры Ақай Нүсіпбеков Сағындық Ұбайұлын шақырып алып, «Сен Әлкей Марғұланның аспирантысың ба?» деп сұрайды. «Иә». «Онда дайындал, ол кісі Новосібірге іссапармен барады. Еріп жүресің», – дейді.

«Наурыз айында жол жүрдік. Ұшақпен ұштық. Алғаш рет Әлекеннің құжатын берді. Билет алуға. Құжаттан көрдім. 1904 жылы 11 мамырда туған екен.

Екінші күні докторлық диссертация қорғау басталады.

«Әлкей аға бірінші оппонент болды. Қорғаудың алдында бүкіл Сібірдің ғалымдарына Окладников: «Это мой давнейший друг. Академик академий наук Казахской ССР, лауреат Ленинской премии, лауреат премий Шохана Валиханова» деп Әлкей Марғұланды таныстырды», – дейді Сағындық ағамыз.

Сол жерде Алексей Окладников Әлкей Марғұланнан он он бес минут лекция оқуды сұрайды.

«Мінберге шығып, қоңыр дауысымен Енисейдің бойындағы түріктер туралы лекция оқыды. Сақтардан алып келді. Қандай ескерткіштер барын айтып өтті.

Сол уақытта байқадым, Әлекеннің білімдарлығын. Он бес минут емес бір сағат сөйледі. Ешкім қарсы болмады. Ұйып тындады», – деді академиктің соңғы аспиранты.

Әлкейдің соңғы шәкірті Сағындық ағамыз болса, бұл кісінің бір шәкірті Қарқаралыдан Алтын адамды тапқан археолог – Арман Бейсенов.

Сағындық Жауымбаев – біздің жыл санауымызға дейін басталатын қазақ тарихындағы қола дәуірінің мәдениетін үш жүз жылға әр қарай терендеткен ғалым. Оның ашқан жаңалығын естіген жапондық белгілі археолог, профессор Мураками Сағындық Ұбайұлын сонау Жапониядан арнайы іздеп келеді. Қарқаралыдағы Кент тауында орналасқан Алат қорымынан Сағындық Жауымбаев тапқан темір балқытатын металлургиялық пешті көрген ол таң-тамаша болыпты. Ерте қола дәуірінің мәдениетіне тән әлгі пеш қазақ жерінде өмір сүрген ежелгі тайпалардың туындысы болса керек.

Сағындық ағамыз осы жаңалығы арқылы тарихта қазақ даласында қорытылған қола – әлемде алғаш балқытылған металлдың біріне жататындығын дәлелдеп шыққан.

«Неміс және жапон ғалымдары Мәскеу арқылы мені тауып алып, арнайы іздеп келді. Германияның Бохум қаласында біз тапқан жәдігерлер қойылған үлкен көрме ұйымдастырды. Ол жерге 300-ге тарта экспонаттар алып бардық. Металлургиямен ұзақ жыл айналысқан Жапонияның атакты ғалымы Муракамимен 5 жылға келісімшарт жасадық. Біздің зерттеп жатқанымыз – Кент тауы ішіндегі Алат қонысы. Ол – біздің заманымызға дейінгі XII-VIII ғасырларды қамтитын ежелгі қоныс. Онда 500-600 жылдай адам баласы өмір сүрген. Қоныс 2 мәдени қабаттан тұрады. Төменгі мәдени қабатынан қоланы қорытқан пештердің орны мен тастан жасалған 5-6 пеш табылды», – дейді Сағындық Жауымбаев. Осылайша, атакты академиктің соңғы аспиранты ұстазының бастаған ісін жалғастырып келеді. Ол ұстазы Әлкей Марғұланның еңбектері әлі күнге дейін ғалымдар мен студенттерге азық екенін айтады.

Қарағанды облысы



«Ол кісі Атасу қонысында қазба жұмыстарын жүргізіп жатыр екен. Сол қоныста шәкірті Мир Қасымұлы Қадырбаевпен бірге жұмыс істедім», – дейді Сағындық Ұбайұлы.

КСРО-ның ғылым академиясының Новосібірдегі филиалына бардық.

Академик Алексей Окладников қарсы алды. Ғылым академиясының арнайы қалашығын-



Профессордың айтуынша, Абдулманап Оразбаев археология мамандығында оқығысы келетін жастардың тізімін жасапты. Сөйтіп, 75 студенттің ішінен 9-ын таңдап алады. Оның ішінде Сағындық Жауымбаев пен Кемел Ақышевтің ұлы Әлішер де бар еді.



Содан Сағындық Жауымбаев Қадырбаев экспедициясымен бірге 10 жылдай қазба жұмыстарына қатысады.

«Үш жыл аспирант болдым», – дедім ғой, сол кезде ол кісі кейде үйіне шақырады. «Сағындық, келіп кет, маған», – деп.

Кешке қарай барамын. Сағат 4-5-те Терекөл көлінің бойында қыдырады.

дағы қонақүйге жатқызды. Екі бөлмелі, бір бөлмесіне мен, Әлкей аға екіншісіне орналасты. Кетерінде қызы Дәніел апамыз: «Сағындық, бұл кісіге тек сүт өнімдерін ғана алып бересің» деп тапсырған болатын. Орындауға тырыстым», – дейді әңгімесін жалғастырған Сағындық ағамыз.

Академик пен аспирант бір жеті сол жерде бірге болады.

Осы аптаның басында, яғни 22 сәуірде бүкіл әлем Жер-Ана күнін атап өтті. Жер күнін алғаш рет 1970 жылы, планетаның денсаулығына алаңдаушылық қоғамдық санаға ене бастаған кезде атаған еді. Оның негізін салған АҚШ сенаторы Гейлорд Нельсон. Калифорния штатындағы Санта-Барбара қаласында үлкен мұнай төгілуінің зардаптарын көрген соң осындай шешімге келген. Бұл мереке алғаш рет сол жылы 22 сәуірде АҚШ-та тойланды. Ал 1990 жылы Жер күні халықаралық акцияға айналды. Сол жылы бұл мерекеге 141 елден 200 миллионнан астам адам қатысты.

Наурызбек САРША

«ЖЕР КҮНІ» ҚАШАН ПАЙДА БОЛДЫ?

Ресми түрде халықаралық Жер күні 2009 жылдың 22 сәуірі күні БҰҰ Бас Ассамблеясының 63-сессиясында бекітілді және 2010 жылдың 22 сәуірінен бастап жыл сайын атап өтілетін болды. Бас Ассамблеяның 63-сессиясының төрағасы Мигель д'Эското Брокманнның айтуынша, қарарда Халықаралық бұл күннің жария етілуі Жер мен оның экожүйесі адамзатқа өмірді қамтамасыз ететін біздің ортақ үйіміз екенін мойындау, сондай-ақ 1992 жылы Рио-де-Жанейрода өткен БҰҰ-ның Қоршаған орта жөніндегі конференциясында қабылданған міндеттемелерді растау болып саналады. Қарарда сондай-ақ «Жер-Ана» термині көптеген елде қабылданғанын және ол ғаламшардың, оның экожүйесі мен адамның арасындағы тәуелділікті көрсетеді.

Содан бері Жер күні ғаламшарға деген қамқорлығын білдіру және оны қорғауға күш салу үшін қоғамның бүкіләлемдік алаңына айналды. Жер күні бізге бұл планетаның тұрғындары ғана емес, оның қамқоршылары екенімізді еске салады. Жыл сайын осы күні бүкіл әлем ғалымдары дөңгелек үстелге жиналып, ғаламдық экологиялық мәселелерді талқылайды. Бұл күні әркім өз ауласы мен көшесін абаттандыруға және көгалдандыруға қатыса алады. Бұл жаһандық қозғалыстың басты мақсаты – қоғам мен адамзаттың назарын Жер мен қоршаған ортаның проблемаларына аудару, оларға адамзат алдында тұрған қиын мәселелер туралы білуге мүмкіндік беру.

«АНАНЫҢ КӨҢІЛІ – БАЛАДА, БАЛАНЫҢ КӨҢІЛІ – ДАЛАДА»

Соңғы кездері алыс-жақын мемлекетте түрлі табиғи апат жиілеп кетті. Ірі дауылдар, тоқтаусыз нөсерлер, зілзалалар, қар көшкіні, аймақтарды өртеп ораған аптап ыстық, құрғақшылықтар, жалын атқан жанартаулар, дүйім жұртты дүрбеленге салған топан сулар. Айта берсек, өте көп. Соның бірі де бастысы – жаһандық жылыну. Осыған байланысты Біріккен Ұлттар Ұйымы қазір дағил қау үстінде. Дүниежүзілік метеорологиялық ұйымның «Жаһандық климат» атты баяндамасын оқыған БҰҰ-ның бас хатшысы Антониу Гутерриш 2021 жылы: «Адамзат құрдымға кету алдында тұр. Біз тропикалық дауылдар мен орман өртінің көбейіп кеткенін көріп отырмыз. Сондай-ақ мұздықтардың еруі де рекордтық деңгейге жетті. Мұның бәрі жаһандық жылынуға байланысты. 2020 жыл адамзат тарихындағы ең ыстық 3 жылдың бірі болды. Орташа температура индустрияға дейінгі дәуірмен салыстырғанда 1,2 градусқа жоғары болды. Ғалымдар қауіпті меже 1,5 градус екенін айтады. Біз ақырындап сол көрсеткішке жақындап келе жатырмыз», – деп мәлімдеді.

Биыл 22 сәуірде, яғни Халықаралық Жер күнінде БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриш тағы да табиғатпен үйлесімділікті



ЖАҒДАЙЫҢ ҚАЛАЙ, ЖЕР-АНА?

қалпына келтіруге шақырып баяндама жасайды. «Планетаны барлық түрдегі ластаушы заттармен улау, экожүйелер мен түрлерді абайсызда жою және парниктік газдар шығарындылары арқылы климатты тұрақсыздандыру арқылы біз азық-түлік өндірісіне қауіп төндіріп, қауіпті орталар жасап, тұрақты дамуға кедергі келтіреміз», – деді ол.

Оның айтуынша, биологиялық әртүрлікті жоғалту проблемасын шешу, қоршаған ортаны ластауды тоқтату және жаһандық ауқымда парниктік газдар шығарындыларын айтарлықтай азайту қажет. Сонымен қатар жергілікті халықтарға, қауымдастықтарға және экологиялық дағдарыстан ең көп зардап шеккен басқа адамға қолдау көрсету қажет. Осы мақсатта Бас хатшы елдерді жаһандық температураның Цельсий бойынша 1,5 градусқа дейін көтерілуін шектеуге бағытталған жана ұлттық климаттық жоспарларды әзірлеуге шақырды. Бұған қоса, жаһандық қауымдастық қазбалы отынды пайдаланудан бас тартуға және пластик өндірісі сияқты қоршаған ортаға зиян келтіретін салаларға қолдау көрсетуді тоқтатуға күш салу керектігін жеткізді.

Естеріңізде болса, бытыр Түркия мен Сирия аумағында жойқын жер сілкінісі тіркелген еді. Ауқымы зор апаттан сол кезде 50 мыңнан астам адам опат болды. 120 мыңдай азамат жоғалып кеткен еді. Ал жуырда Жапония да жаратылыстың қаһарына тап болды. 220-ден астам көз жұмып, шамамен 200 азамат із-түсіз жоғалып кетті. Тіпті, біздің еліміздегі оңтүстік астанамыз – Алматыда соңғы уақытта жер сілкінісі жиілеп кетті. АҚШ-тың геология қызметі келтірген мәліметке сәйкес, жойқын зілзалалар жер бетінде жыл сайын тіркеледі. Статистика бойынша қуаты 7 баллдан асатын жер сілкінісі 1 жылда кемі 10-12 рет болады екен. Магнитудасы 5 асатындары тіптен көп. Мындап санауға болады. Ал зілзаладан басқа апат түрлері қаншама?! Күн сайын біреуі тіркеліп жатады. Соның салдарынан миллиондаған адамның өміріне қауіп төнеді. Осыған орай әр ел барынша қауіптің алдын алуға тырысып бағуда. Мәселен, АҚШ-та торнадо орталығы, Тайфун орталығы, Жапония, Қытай тағы басқа елдерде цунами орталықтары, Азия, Африка елдерінде құрғақшылықпен күресу орталықтары, Еуропада климаттың өзгеруімен күресу орталықтары бар. Олар жыл сайын табиғаттың тосын

мінездерін зерттеп, келелі кеңестер өткізіп, адамзатқа келер апаттың алдын алуға кам жасауда.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АХУАЛ ҚАЛАЙ?

Соңғы кезде ғаламдық жылыну құбылысына алаңдаушылық артып отыр. Бұл құбылыс біздің елде де байқалып келеді. Мысалы, 1960-1990 жылдар аралығында Қазақстандағы орташа температура 1,6-2,7 градусқа, 1990-1999 жылдар аралығында сынап бағанасы 3,2 градусқа дейін көтерілген. 1990 жылға дейін Қазақстанда 5,8 градус болып келген жылдық орташа температура 2021-2022 жылдары 6,7 градусты көрсеткен. Бұл кезеңде жауын-шашын 14 мм азайған. Бұл болмашы ғана өзгеріс болып көрінгенімен, топыраққа, өсімдіктерге, жануарлар дүниесі мен адамдардың денсаулығына кері әсер етіп отырғанын байқауға болады. Ал былтыр Қазақстанда температура рекорды тіркелді. Жалпы, елімізде соңғы 75 жылда жер бетіндегі ауа температурасының кең көлемде жоғарылауы байқалып, климаттың өзгеруі елдің ауыл шаруашылығы саласына, су ресурстарына, жайылымдар мен ормандарға зиянын тигізуде. 2 100 жылға қарай қазіргі мұздық массасының 50 пайыздан астамы жоғалады деп күтілуде, ал лай көшкіні, су тасқыны және құрғақшылық сияқты климатқа байланысты апаттардың жиілігі мен көлемі артады, бұл үрдіс алдағы онжылдықта сақталады деп күтілуде.

2022 жылдың желтоқсан айында Қазақстан климаттың өзгеруімен күресу шаралары туралы баяндама ұсынды. Экология және табиғи ресурстар министрлігі еліміздегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасының және Жаһандық экологиялық қордың қолдауымен осы тақырып бойынша арнайы құжаттарды – сегізінші ұлттық коммуникация мен екіжылдық бесінші баяндаманы дайындады.

Хабарламада атап өтілгендей, Қазақстанның климат температурасы 30–35°C жоғары болатын күндер санының тұрақты өсуі байқалады, бұл әсіресе республиканың

ТҮЙІН:

Табиғат адамзатқа қатаң мінез танытып отыр. Халықаралық сарапшылардың дерегінше, әлем бойынша табиғи апат саны көбейген, оның 93 пайызын сел және апатты су тасқыны құрайды екен. Жалпы, Біріккен Ұлттар Ұйымының болжамы бойынша 2030 жылға қарай жер бетінде орман өрті, лай көшкіні сияқты табиғи апаттар күн сайын дерлік тіркеледі. Осы ретте Мұқағали ақынның Жер-Анаға арнаған арнауындағы: «Орманың да шуламасын, суларың да туламасын. Ақ басты ала тауларың да, күңіренбесін, жыламасын», – деген тілегімізді жеткізіміз келеді.

оңтүстігінде, оңтүстік-батысында және батысында байқалған.


Сонымен қатар биыл еліміз ірі табиғи апатты басынан өткерді. Республикамыздың он облысын қарғын су әбiгерге салды. Су тасқынынан жұрт қатты жапа шекті. Биылғы қарғын су ауқымы жағынан соңғы 30 жылдағы ең ірі су тасқыны саналған 2012 және 2017 жылдардағы деңгейден асып кетті. Еліміз бұл апаттың зардабын әлі тартып отыр.

«ЖЕРГЕ ТАБЫН АДАМ ЕНДІ»

Әлемдегі табиғат климатының құбылуына ел-елдегі белсенділер табиғатты қорғауға үндеп, барша адамзатты қоршаған ортаны сақтауға шақыруда. Ғалымдар зерттеулер жүргізіп, өнер адамдары өз үндерін өнер арқылы жеткізуде. Бұл – жақсы үрдіс. Себебі Жер – ортақ анамыз. Осы ретте еліміздегі täuel[x]siz арт-жобасы да осындай барша адамзатқа деген үндеуін өнері арқылы жеткізіп жүрген өнерпаздар ортасы. Біз осы ретте жобаның авторы әрі бас продюсері, журналист Руслан Жұбаныштан пікір сұрадық.

«Біз яғни 27 сәуір күні Астана қаласындағы «Жастар» сарайында «Жерге табын адам енді» атты заманауи өнер кешін өткізуді жоспарлап отырмыз. Жалпы, жоба туралы айтар болсам, täuel[x]siz жобасы 2019 жылдан бері жүзеге асырылып келеді. Мақсаты – қоғамдағы түрлі әлеуметтік, өзекті мәселелерді өнер арқылы кең көпшілікке жеткізу. Сондай-ақ заманауи поэзия өкілдері – жас авторлар мен олардың шығармашылығын таныту. Жоба 2021 жылғы «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантының және Халықаралық ARTIF Awards байқауының жеңімпазы. täuel[x]siz – заманауи өнер мен поэзияны ұштастырған арт-жоба. Бүгінгі кеш туралы айтар болсам, бұл Ұлы далада еліміз небір нәубетті бастан кешірді. Даламызды аштық жайлады, атом улады, енді бүгінде бір бөлігін су басып, бір бөлігі сусап жатыр... Кеште осы өткен мен өзектіні өнерпаздар жасанды интеллект арқылы сахналайды. Заманауи қазақ поэзиясының өкілдері – Тілеубек Батыс, Жамбыл Бакыәліұлы, Салтанат Мадиярқызы, Ақберен Елгезек, Ерлан Жүніс, Серік Ақсұңқарұлы, Ұлықбек Есдәулет секілді ақындардың өлеңдері оқылып, Т.Мұхамеджанов, Сағди, Үміт Долькей секілді әншілердің авторлық әні шырқалады. Перформанстағы туындылар Балжан Хабина мен Захардин Қыстаубаевтың «Қызылдар қырғыны», Сара Камеронның «Аштық жайлаған дала», Тоғжан Қасенованың «Атом улаған дала» кітабынан алынған. Мұндағы біздің айтпағымыз – қаншама жыл біз жердің қойнауындағы бүкіл қазыналарын пайдаланып, табиғатты қорғауды, қоршаған ортаны сақтауды ұмыт қалдырдық. Ендігі кезекте «Жерге табын адам енді» дейтін кез келді», – дейді ол.





Өткен аптада Астанада Eurasian Book Fair 2024 кітап көрмесі өтті. 70-тен астам шетелдік және еліміздің баспааралық жәрмеңкеде балаларға арналған көркем әдебиет те көп болды. Мамандардың айтуынша, кітап нарығында балалар әдебиетіне оқырман сұранысы артып келеді. Бұл бағытта баспагерлер қалай жұмыс істеп жатыр? Балалар авторлары неге аз? Балалар әдебиетін дайындау кезінде қандай қиындықтар бар?

Энденің «Момо» және «Аяқталмаған хикаясы» және басқа да бірнеше шетелдік бестселлер кішкентай оқырманымен қауышты. Сондай-ақ италиян тілінен аударылған шытырман оқиғаларға толы «Мың ғажайып. Италияға саяхат» кітабының тұсаукесері өтті. Баспа директоры Раиса Кадердің айтуынша, бұл ұжым жылына балаларға арналған 30-дан астам кітап басады. Көбіне-көп танымдық, көркем әдеби және комикс жанрадағы шығармалар.

«Бұл бағыттағы туындыларға сұраныс жоғары. Ата-аналар баласына сапалы, сауатты кітаптар сатып алудан аянабайды. Бірі өзінің балалық шағында болмаған мүмкіндікті, түрлі түсті, шытырман, қызықты хикаяға толы туындыларды баласы оқысын дейді. Ал енді бірі, әсіресе, орыстілді ата-аналар ұрпағының казакшасы жетік болғанын қалайды. Оның үстіне, біз кітаптардың безендіруіне ерекше мән береміз. Балақайлардың қиялын ұштайтын, қайтып келіп, оқуға ынталандыратын иллюстрациялар ұсынамыз», — дейді Раиса Кадер.

Бүгінде әртүрлі баспа ұсынып отырған балалар әдебиетінің өнімдері нарықтағы сұранысты қанағаттандыра алған жоқ. Бұл салада дамытуға тиіс жанрлар жетерлік. Классикалық шығармалар мен шетелдік

жазушылар қауымы балаларға арналған ертегі-әңгімелерді аса жақтыра қоймайды. Олар көбіне философияға, күрделі идеяға, ойға толы ересектерге арналған шығармалар ұсынады.

«Балалар авторы өте аз. Қаламгерлер біз ұсынып отырған шығармаларға ұқсас өз туындыларын жазса, нұр үстіне нұр болар еді. Көбіне-көп шет тілінің жауһарларын аударатынымыз сондықтан, өз авторларымыз идея алса екен деп ойлаймын. Жас авторларға көп үміт артамыз, табиғатқа, салт-дәстүр мен әдеп-ғұрыпқа, қазіргі заманауи проблемаларға баланың көзімен қарайтын, шешімдерін табатын, мотивация беретін жақсы туындылар шығады деген үмітім зор. Сондай-ақ кішкентай балақайларға арналған кітаптарды безендіру, суретін, иллюстрациясын сәтті жасау өте маңызды. Балалар әдебиетін дайындау оңай емес. Біз көбіне аударма ісімен айналысамыз. Бұл кітаптар түпнұсқадағы мәтіннен ауытқымай, тілге жеңіл, түсінікті, калькасыз болуға тиіс. Аудармашы мен редактордың шеберлігі бағаланатын жұмыс», — дейді баспагер.

Әйтсе де, Серікбол Хасан бұл пікірмен келіспейді. Оның айтуынша, елімізде балалар әдебиетін, тіпті осы бағыттың кез келген жанрын жазатын, сауатты аударатын автор көп. Тек еліміздегі баспалар мен қаламгерлер арасындағы байланыс дұрыс қалыптаспай келеді.

«Мысалы, Зәуре Төрехан, Рүстем Сауытбай, Мейіржан Жылқыбай, Лилия Калаус, Зира Наурызбай секілді қаламгерлер фэнтези жанрында балаларға арналған шоктығы биік шығармаларды жазды және жақсы оқылып жатыр. Тіпті, алды шет тілдеріне аударылып, Amazon-да сатылуда. Балалар әдебиетінің жылы жарияланған уақытта да байқадық, бұл саладағы авторлардан кенде емеспіз. Керісінше, еліміздегі баспалар мен қаламгерлер арасындағы байланыс дұрыс қалыптаспай келеді. Балаларға арнап тақпақ, өлең жазатын ақындар саны азайып кеткен болуы мүмкін. Бұл бүгінде жалпы әдебиетте бар тенденция. Бізде болсын, батыс қоғамында болсын қазіргі уақытта поэзия көп оқыла бермейді. Балаларға арналған пьесалар жазылып жүрген жоқ, мектептерде қойылатын скетчтер, балалар әдебиетінің ішіндегі мазақтама, мысал, баллада жанры кенжелеп қалды. Бүгінде бір-бірінді мазақтауға, құрдасының кемшілігін бетіне басуға болмайды дейтін қағидалар мазақтамань дамуына кері әсерін тигізді. Бұл аталмыш жанрларда жазатын авторлардың жоғынан емес, жалпы әлемде осы бағыттағы шығармаларға сұраныстың болмауынан жойылып барады. Оның есесіне, біздің әдебиет нарығына басқа жанрлар келді. Бүгінде комикске қызығатын жеткіншектер көп. Фэнтези де қарқын алып, балалар әдебиетінде өз орнын айықтай алды. Кезіндегі ертегі, аңыз әңгіме, қиссалар жаңа сипаты десек болады. Жалпы, балалар әдебиетіне серпін беретін шаралар бар: фестивальдар, жәрмеңкелер, авторлармен кездесулер және тағы басқа. Әртүрлі мемлекеттік деңгейде жарияланатын мүшәйра, әдеби байқауларда да балалар аталымына орын бар», — дейді балалар ақыны.

БАЛА «ТІЛ» БАЛМА?

Айдана НҮРМҰХАН

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ АВТОРДАН КЕНДЕ ЕМЕС

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістанда өткен ұлттық құрылтайда «Балалар кітапханасы» атты жаңа бағдарламаны жүзеге асыруды тапсырды. Президент идеология жұмысындағы басты бағыттың бірі — кітап басып шығару ісі екенін, смартфон баланың қолындағы кітаптың орнын баспауы қажеттігін атап өткен болатын. Бүгінде бұл салаға ден қойыла бастады, сәйкесінше, жалпы әдебиетке, соның ішінде балалар шығармасына сұраныс артты, кітап оқу мәдениеті қалыптаса бастады. Биыл үшінші мәрте өтіп жатқан Eurasian Book Fair 2024 халықаралық көрмесі осының бір дәлелі. Мұнда әртүрлі жанрадағы неше түрлі туындылармен таныстық.

«Қазір кітап нарығы қалыптасты. Соған сай әртүрлі жекеменшік баспалар оқырманға жақсы дүниелер ұсынып жатыр. Осының себебінен болса керек, бүгінде балалар әдебиетіне қызығушылық артты, жалпы көркем әдебиетпен салыстырғанда балалар әдебиетінің бәсі басым. Олай дейтініміз, балалар әдебиетінің қазір бірнеше тармағы бар: комикс, фэнтези және басқа да балаларға арналған танымдық шығармалар. Eurasian Book Fair болсын, еліміздің аумағында өтіп жатқан басқа да кітап жәрмеңкелерін зерделеп қарайтын болсақ, балаларға арналған түрлі туынды көлемі көбейіп жатқанын байқаймыз және жыл сайын арта береді. Сәйкесінше, баспалар, әсіресе, жекеменшік ұжымдар осы салаға көп күш салып жатыр. Мәселен, Steppe&World Publishing баспасы шетелде басылып жатқан әртүрлі танымал, классикалық шығарманы көп ұзатпай дереу қазақ тіліне аударып, оқырманға ұсынып келеді және олардың басым бөлігі — балалар әдебиеті. Qasym Kitaphanasy балалар мен жасөспірімдерге арналған классикалық туындыларды оқырман назарына қайта ұсынып жатыр. Mazmundama баспасы да осы бағыт бойынша арнайы сериялар дайындайды, мәселен, «Бұл кім?» сериясымен басылатын туындылардың дені аталмыш аудиторияға бағытталған», — дейді балалар ақыны Серікбол Хасан.

Qasym Kitaphanasy халықаралық жәрмеңкеге биыл да қазақтың классикалық әдебиеті үлгілерін, балалар мен жасөспірімдерге арналған прозалық шығармаларын әкелген. Баспа үйінің шығармашылық директоры Ұлан Еркінбайдың айтуынша, бұл туындылардың мазмұны баланың қиялын дамытып, сөздік қорын байытады, шығармашылық еркіндікке жетелейді.

«Біздің баспа саясатына сәйкес, кітап өнімдерінің 40 пайызын балалар әдебиетіне бағыттаймыз және бұл межеден түскіміз келмейді. Өйткені баспа нарығында балалар әдебиетіне сұраныс көп. Eurasian Book Fair 2024 көрмесіне балалар мен жасөспірімдерге арналған классикалық әдебиетін үлгілерін әкелдік. Олардың қатарында Сайын Мұратбеков, Бердібек Соқпақбаев, Ыбырай Алтынсарин, Қазі Данабаев және басқа да белгілі балалар авторларының танымал еңбектері болды. Qasym Kitaphanasy балаларға жеңіл контент ұсынбайды. Мүмкіндігінше уақыттың талабынан өткен классикалық қаламгерлердің балалар танымына арнап сарапшылармен келісе отырып, іріктеп ұсынамыз. Біздің ұстаным — осы. Бұл ата-анаға да қолайлы. Өйткені олар бұл саланың маманы емес, жеткіншектің жас ерекшелігіне қарап, қандай әдебиет ұсыну керегін біле алмайды», — дейді Ұлан Еркінбай.

Ал аталмыш халықаралық көрмеге жыл сайын қатысатын Steppe&World Publishing баспасы биыл да оқырманына шет тілінде жарық көрген озық шығармалардың қазақшасын ұсынды. Неміс тілінен аударылған Инге Бреннердің «Дыбыс пен ырғақ. Орнын іздеген нота», Михаел

туындылардың аудармалары басылып жатқанымен, өзіміздің авторлардың кітаптары некен-саяқ. Баспагерлер балалар әдебиетін дайындау оңай емесін, бұл салада әртүрлі қиындық бар екенін алға тартады.

«Бұл бағытта әдебиет дайындауда белгілі бір қиындықтар болады. Мәселен, баланың жас ерекшелігін анықтау. 6+, 9+, 12+ сериясымен қандай туындылар ұсынуға болады? Мәселен, Ы.Алтырсариннің «Әке мен баласын» қай жастағы жеткіншек қызығып оқиды? XX-XXI ғасырдың ішінде жазылған балалар әдебиетінің классикалық үлгілері жетерлік. Сол дүниелерді қай жасқа және қандай үлгіде ұсынамыз жайында мамандармен ұдайы талқылау болып тұрады», — деп атап өтті Ұлан Еркінбай.

Баспагерлер жалпы баспа нарығында, соның ішінде балаларға арнап әдебиет жазатын авторлар аз деген мәселе көтеріп жүр. Раиса Кадердің пікірінше, еліміздегі



Кестеленген көркемсөзден жыр жауһарын төккен ақын Қатира Жәленованы «Шиелінің шынары» деп есте бекерге атамаса керек. Ол масатыдай құлпырған бойжеткен шағында ару Алматыда жыр алыптарымен иық тіресе жүрді. Әдебиет өлеміне өзіндік қолтаңбасымен енген сырбойылық ақынның орамды шумақтары оқырмандар көңіліне орныққан-ды. Уақыт өте поэзиядан жырақ қалып, туған жерінде жеке кәсіппен айналысқан ақынның өткені мен бүгінгіне үңіліп, сыр-сұхбат құрған едік.



Қатира ЖӘЛЕНОВА,
АҚЫН:

бір жетер деген үмітім болды. Үшінші хатымнан кейін көптен күткен жауап хатымды алып, қуанғаным бар.

Содан кейін үзбей хат алмасып тұрдык. Өлендерімді жіберіп тұрдым. Ол кезде ақын Ғылым академиясының «Әдебиет пен өнертану» бөлімінде жұмыс істейтін еді. Менің білім алып, ақын ретінде танылуыма көп Көмек берді. Алғашында ҚазМУ-дың журналистика факультетіне түсу арнамым еді. Бірақ ол кісі маған филология факультетіне түсуге кеңес берді. Осылайша, филология факультетінде білімімді шындадым.

— Бала кезіңізде әуелі биге құмар болғаныңызды, бишілікті әуес тұтқаныңызды естідік. Бірақ біржола би өнеріне бет бұрмаған екенсіз. Оның себептері болды ма?

— Оқушы кезімде үнді киносын жиі көретін едім. Соның ішінде оның әуеніне елігіп, биін қызыға қарайтынмын. Содан болуы керек, биге қызығушылығым болғаны рас. Мектебіміздегі көркем өнерпаздар үйірмесінде, ауыл клубында көптеген пьесада ойнадым. Әсіресе, ер адамның рөлін жиі сомдайтын едім.

Ең алғаш акробатикамен де айналысқанымды айта кетейін. Кейіннен осы өнерімнің аркасында

ші өлеңіме ерекше назар аударды. Сол күннен бастап өлендерім осы басылымға да жариялана бастады. Кейіннен телевизия журналистерінің назарына ілігіп, «Алтыбақан» хабарына қатыстым. Осылайша, менің поэзия өлеміме алғашқы қадамым басталды.

— Шығармашылық ортадан алыстап, туған жерге қайта оралдыңыз? Неге?

— Мен туған өңіріме 1995 жылы қайта оралдым. Оған да өзіндік себеп болды. Сол заманның талабына сәйкес, тәуелсіздік жылдарының басында жасы қырыққа толған адамдарды жұмыстан қысқарту жүрді. Бәрі қырыққа келгендерді қартайған адамдай қарайтын болды.

Сыр өңіріне қайтып келген соң, Соблыстық «Сыр бойы» газетінің табалдырығын аттап, сол кездегі бас редактор Жақсылық Рахматулланың алдына кірдім. Сөйтсем, бұл жақта да қысқарту жүріп жатыр екен. Осылайша, 22 жыл еңбек өтілім бола тұра жұмысқа орналасуым қиынға соқты.

Сол жылдары шағын және орта бизнеске енді бетбұрыс жасала бастаған кез болатын. Тұрақты жұмыс болмағандықтан кәсіп бастауға кірістім. Нәтижесінде, өңірде алғашқылардың бірі болып, жеке азық-түлік дүкенін ашып, кәсібімді жүргіздім. Он бес жыл соның нанын жедім. Бүгінде сол кәсібімнің нәсібін көріп отырмын.

Жалпы, поэзия өлемінен жырақтап кетсем де, бір кездері үзентілес жүрген әріптестерім мен ақын аға-апаларымның жадынан шыға қоймаған екенмін. Қызылорда қаласына келген соң, біраз жыл өткенде Фариза Оңғарсынованың өзі мені іздепті. Бір күні үйіме телефон шалып, аман-саулық сұрасып, мені Астананың 10 жылдығына орай өткізгелі отырған «Фариза және сіңлілері» атты шығармашылық кешіне арнайы шақырды. Бұл ұзақ жыл үзілістен кейін халық алдына шығып өз өлеңімді оқыған керемет сәт еді.

— Тасқа қашалып жазылған дүниенің ғұмыры ұзақ болары белгілі. Қанша кітабыңыз шықты?

— Негізі, кітап шығару оңай шаруа емес екені белгілі. Оның бәрі қаржыға тіреледі. Өзімнің де кітап шығаруға әуестігім болған емес. Дегенмен Алматыда жүрген кезімде мемлекеттің қолдауымен өлендер жинағы топтастырылған үш кітап шығарғанмын. Елге оралғасын Мұхтар Құл-Мұхаммедтің қолдауымен «Сырдария кітапханасы» сериясы аясында тағы бір кітабым жарық көрді. Артынша, сол кездегі Мәдениет министрінің орынбасары болып тұрған Бауыржан Омарұлының ықпалымен мемлекеттік тапсырысқа өтінім беріп, бесінші кітабымды шығардым. Келер жылы «Сырдың әні» атты кезекті кітабым шығады деп жоспарлап отырмын. Ал нақты уақытта «Қанаттас қаламдастарым» атты прозалық дүние жазу үстіндемін.

Бұл менің ұзақ жылғы шығармашылық жолымда жеткен жетістігімнің бір парасы дер едім. Ақын шығармашылығына сусындаған оқырмандарыма да үлкен сый болады ғой деп ойлаймын.

Ал мемлекет тарапынан берілген марапаттарыма келсем, «Сырдан ұшқан қарлығаш» деген кітабым арқылы Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері атандым. Сондай-ақ Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай Қазақ радиосының ардагері ретінде «Күрмет» орденін кеудеме тақты. Сол сияқты түрлі мерекелік, мерейтойлық медальдармен марапатталдым. Осының өзі елімнің еңбегімді бағалағаны деп білемін.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Менің өмірлік азығым - РУХАНИ

Сайлығым

— Ақындықтың ауыр жүгін аркалап, ару Алматының көгінде қалықтадыңыз. Білуімізше, марқұм әкенің де сөз қадірін саралай білетін, өнерден кенде адам болмаған екен.

— Негізі, менің өз жағымнан да, нағашы жағымнан да сөз өнері қонған қасиет бар. Отбасында үш қыз болдык. Мен үйдің ортаншысы едім. Үлкен апам ерте тұрмыс құрып, бөлек кетті. Жанұяда мен әкемнің, ал сіңлім анамның қызы болды. Сол кездері марқұм әкемнен алған тәлім-тәрбием маған өмірлік азық болып келеді.

Көзкөргендер әкемнің ақындар қайтысына 13 жасынан бастап қатысқанын жиі айтып отырушы еді. Ал әкемнің әкесі, атам діндар кісі болған екен. Әкем көзінің тірісінде өзін оқуға, білім алуға мүмкіндігі болмағанын, оған әкесінің қарсылық танытқанын айтып отырушы еді. Жыр алыбы

марқұм әкем менің оқып, білім алуыма кішкентай кезімнен қарсы болмады.

— Әбділдә Тәжібаевтың әкеңізбен етене жақын араласқанын айтып қалдыңыз. Жалпы, сіздің поэзия өлеміне қанат қағуыңызға ақын ағамыздың ықпалы болғаны рас па?

— Әбділдә ағамыз арман қуып Алматыға кеткеннен сол жақта тұрақтап қалды. Ауылға ат ізін сала бермейтін.



Әбділдә Тәжібаевпен бірге әкем ауыл молдасынан дәріс алып, медреседе оқыған. Бір күні әкем досымен бірге жоғары оқуға түсіп, білім алуға талап танып, Алматы қаласына кетеді. Мұны естіген әкесі артынан барып, оқуға тапсырайын деп тұрған жерінен ауылға қайта алып келіпті. Ауылдан аттап шығармаған екен. Сол күйі білім ала алмаған. Бірақ өз бетінше оқып үйреніп, сауатын ашады. Содан да болса керек,

Әкем марқұм болғаннан кейін мектепті тәмамдап, білім алуға құлшынысым артты. Содан Әбділдә Тәжібаевты іздеп, Алматы хат жолдауға шешім қабылдадым. Сол кісіден көмек сұрағым келді. Өйткені сол кезде ағамыздың атағы шығып, дүрілдеп тұрған еді. Алайда ақынның мекенжайын білмеймін. Сонда да хат жазып, сыртына Алматы қаласына Әбділда Тәжібаевқа деп почтамен жібере бердім. Әйтеуір, хатым қолына

балерина болғым келді. Алайда әкем менің бұл өнерімді қолдамады. Соны байқағасын балетте өнер көрсетемін деген арнамымды жол ортада қалдырып, биден қол үздім.

— Поэзия өлеміне алғаш қадам басқан кезіңіз есіңізде ме?

— Мектепте 7-сыныпта оқып жүрген кезімде аудандық «Өскен өңір» газетіне алғаш «Табиғат» деген өлеңімді берген болатынмын. Сол өлеңім басылып шыққан күннен бастап ауылда ақын қыз атанып кеттім.

Ал Алматыда студент кезімде бір топ өлеңімді алып, сол кездегі «Лениншіл жас» газетіне бардым. Мәдениет бөліміне кіргенімде көзіне үлкен көзәйнек киген бір жігіт пен шашы дудыраған бір кісі отыр. Сөйтсем, бірі — бөлім меңгерушісі Оралхан Бөкеев, екіншісі, Сағат Әшімбаев екен. Сол арада өлендерімді қарап шыққан Сағат Әшімбаев «Қыз монологы» деген лирикалық өлеңімді ұнатты. Ал Оралхан ағам екін-



Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

«СЫНШЫЛАР ТАҢДАУЫ»: БӘЙГЕДЕ КІМДЕР ТОП ЖАРДЫ?

Таяуда Алматы қаласында Қазақстан киносыншылар қауымдастығы отандық «Сыншылар таңдауы-2024» киносыйлығының жеңімпаздарын жариялады. Киноиндустрия саласындағы үздіктерді анықтайтын жүлде биыл сегізінші мәрте табысталып отыр.



Аль Назр feat. RaiM-ның орындауындағы «Дала ерлері» әні (Үздік ән) бар.

МҮНДАЙ ЖОБА АВТОРЛАР ҮШІН ҚАЖЕТ

Кеш соңына жеткеннен кейін номинанттар мен фильмге бағасын берген әділқазылар алқасын әңгімемізге тарттық. Үлкен экранда жарық көрген туындысы қос бірдей жүлдені иеленген «Міржақып. Оян, қазақ!» фильмінің режиссері Мұрат Есжан «Сыншылар таңдауы» киносыйлығы киноиндустрия саласындағы мамандар үшін ғана емес, көзі қаракты көрермен үшін де аса маңызды жоба екенін атап өтті.

— Ең біріншіден, мұндай жоба авторлар үшін қажет. Олар өзінің жасаған туындысының қандай да бір топқа түскенін қалайды. Жарық көрген фильмдердің арасында



сыншылар өз саласын жақсы біледі. Сондықтан бұл ретте жүлдегерлерге жөк деп ойлаймын, — деді режиссер М. Есжан. Сондай-ақ режиссер алдағы уақытта балаларға арналған туындыларды жарыққа шығару жоспарда бар екенін жеткізді.

ДЕБЮТАНТТАР ҮШІН ЖАҚСЫ МҮМКІНДІК

Күште «Екінші пландағы үздік ер адам бейнесі» аталымы бойынша «Бүркіт» фи-

дыктан фильмдер жайлы ешнәрсе айта алмаймын. Бірақ саундтрек жанры бойынша нәтижеге көңілім толмайды. Менің ойымша, Әселдің музыкасы үздік болды. Десек те, осындай іс-шаралардың қоғам үшін, мамандар үшін маңызы өте зор. Өйткені бұл кино әлеміндегі кәсіби мамандардың басын қосатын алаң. Жеңімпаздар Қазақфильмнің атынан қолдау жеңіп алды. Осындай қолдау мен тағайындалған жүлделер өнер иелерінің жана туындыларды жарыққа шығаруына құлшыныс береді. Әсіресе, дебютанттар үшін жақсы мүмкіндік дер едім, — деді әнші F. Молданазар.

ТАҚЫРЫПТЫҢ КӨРЕРМЕНГЕ ҚАЛАЙ ЖЕТКІЗІЛГЕНІ МАҢЫЗДЫ

Ал жүлдеге ұсынылған фильмдерге қазылық еткендердің бірі киносыншылар қауымдастығының мүшесі, кинотанушы — Дана Әмірбекова. Ол негізгі ереже бойынша жобаның кинотеатрларда көрсетілетін фильмдермен шектелмейтінін, онымен қоса прокатқа шықпаған фильмдерге де мән беретінін айтты. Киносыншының сөзінше, прокатқа шықпаған фильмдер негізінен сапалы туынды болып келеді. Дегенмен продюсерлік немесе дистрибуция тұрғысынан мүмкіндік болмағандықтан, үлкен экранға жетпей, халықтың назарына ұсынылмай жатады. Сондықтан жүлдеге ұсынылған кейбір фильмдер жайлы көрерменнің мағлұматы аз болуы мүмкін. «Мұндай фильмдер нағыз кәсіби мамандардың туындысы болғандықтан, олардың арасында режиссерлік әрі стиль тұрғысынан өте терең тақырыпты қозғайтын туындылар кездеседі», — дейді ол. Дана Әмірбекова үміткерлерге және ұсынылған фильмге қойылатын басты талаптарды тізіп өтті.

— Біз көбіне жанрлық туындыларды кинотеатрдан тамашалаймыз. Алайда олар көп жағдайда бір жанрда түсірілген, қозғайтын тақырыптары да шектеулі. Ал авторлық кино туралы айтар болсақ, олар әртүрлі тақырыпты қаузыды. Халықтың жанайқайын, қоғамдағы түйткілді мәселелерді жараны тырнағандай етіп ашып көрсетеді. Осы ретте біз режиссерлердің тақырыбымен ғана шектеліп қалмаймыз. Кинода тақырыптың не жайында емес, оның көрерменге қалай жеткізілгені маңызды. Біз киноның тіліне, режиссердің түсіру мәнерінің қалыптасуына, маманның тақырыпқа үнілген кезде экранға басқалардан ерекше не ұсына алатынына баса мән береміз. Кеште «Үздік режиссер» номинациясының жеңімпазы атанған Нариман Төребаев — осы уақытқа дейін өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан, түсіру мәнері ешкімге ұқсамайтын маман, — деді киносыншы.

КИНОИНДУСТРИЯНЫҢ КЕМШІН ТҰСТАРЫ

Тағы бір маңызды атап өтерлік жайт, жыл сайынғы дәстүрге айналған киносыйлық ұйымдастырушылардың, нақтырақ айтсақ, Қазақстан киносыншылар қауымдастығы мүшелерінің өз күшімен өткізіледі. Осы тұста киносыншы отандық киноиндустрияны дамытудағы кемшін тұстарымызды да түйреп өтті. Киносыншының айтуынша, сапасыз фильмдердің жарыққа шығуы — теорияның аздығынан, мемлекет тарапынан толыққанды қолдаудың болмауынан.

— Біздің жүлдеміз мемлекетке тиесілі емес. Бір жағынан ол, әрине, өкінішті. Биыл елімізде 80-ге жуық фильм жарыққа шықты. Бірақ бірде-бір толықметрау көркемсуретті фильмдерге арналған кинофестиваліміз жоқ. Осыдан бірнеше жыл бұрын «Евразия», «Шәкен жүлдыздары» сынды байқаулар өткізілгенімен, қазір олар тоқтап қалды. Шыны керек, мемлекет тарапынан кино саласына көңіл бөлу жоқтың қасы. Еуропа тәжірибесіне үніліп қарасақ, оларда әртүрлі бағыттағы фильмдерге арналған жеке фестивальдар бар. Сондай-ақ Еуропа елдерінде жылына әр режиссердің шығармашылығын зерттейтін кітаптарды басып шығарады. Онымен қоса, киноға арналған ғылыми журналдары тағы бар. Сондықтан Еуропа елдерінің киноиндустрия саласы қазір даму үстінде келе жатыр деуге негіз бар. Ал бізде неге саны бар, сапасы жоқ фильмдер бар? Себебі бұл теорияның аздығынан, қолдаудың жоғынан. Меніңше, жүлденің мемлекетке тиесілі болмауы бір жағынан дұрыс сияқты. Себебі біз тәуелсізбіз, ешкімге бағынбаймыз, ешкімнің айтқанын тындауға міндетті емеспіз. Біз өнер иелеріне әрқашан әділ баға бере аламыз деп есептеймін, — деп өзін түйіндеді киносыншы Д. Әмірбекова.

Естеріңізге салайық, Қазақстан киносыншылар қауымдастығы өз жұмысын 2015 жылдан бері жалғастырып келеді. Алайда «Сыншылар таңдауы» әлемдегі пандемиялық ахуалға байланысты үзіліс алған еді. Биыл қауымдастық жаңа мүшелермен толықты. Қазір оған 26 кәсіби маман мүшелік етеді.

Алматы қаласы

Киносыйлықтың биылғы Керекшелігі — жүлде тарихында алғаш рет көпшілік дауыс беру нәтижесі бойынша арнайы «Көрермен таңдауы» деп аталатын жаңа номинациясы табысталды. Сонымен, «Үздік драма» аталымы бойынша сынға түскен үміткерлердің арасында продюсер Ардақ Әмірқұловтың «Жел тоқтаған жер» фильмі үздік деп танылды. Онымен қоса, аталған фильм кеште бір емес, үш бірдей жүлдені қанжығасына байлап қайтты. Фильмнің қоюшы-суретшісі Әмірзақ Шманов «Үздік қоюшы-суретші» номинациясы бойынша топ жарса, фильмдегі кейіпкер Жанар Шоқпанова «Үздік әйел бейнесі» аталымы бойынша жеңімпаз атанды. Мұндай сәттілікке «Жел тоқтаған жер» фильмінен бөлек тағы екі фильм қол жеткізді. «Шәйнек сатып алған ару» («Она купила чайник») фильмінің режиссері Нариман Төребаев «Үздік режиссер» аталымы бойынша үздік деп бағаланса, «Үздік монтаж» номинациясының жүлдесі де «Шәйнек сатып алған аруға» бұйырды. Сондай-ақ киносыншылар қауымдастығы «Үздік музыка» аталымымен Ғалымжан Секеевті жеңімпаз деп ұйғарды. Екі бірдей жүлдені қоржынына салған кезекті отандық фильм — «Кішкентай самурай» (Маленький самурай). Атап айтсақ, «Екінші пландағы үздік әйел бейнесі» номинациясы бойынша белгілі актриса, «Канн» фестивалі сыйлығының иегері Самал Еслямова жүлде иегері атанса, «Екінші пландағы үздік ер адам бейнесі» аталымында Ақтан Арым Құбаттың рөлі жоғары бағаланды.

2022 жылы ұлттық арна эфирінде телехикая ретінде ұсынылған «Міржақып. Оян, қазақ!» фильмі былтыр күзде кинотеатрларға жол тартқан еді. Аз уақыттың ішінде көптің көңілінен шығып, жоғары кассаға ие болған фильм «Сыншылар таңдауында» да үздіктер қатарынан көрінді. Фильмнің басты кейіпкері Міржақыптың рөлін сомдаушы, бағы мен бабы қатар шапқан актер Бақыт Қажыбаев «Үздік ер адам бейнесі» аталымы бойынша тұғырдан көрінсе, халықтың дауыс беруінің нәтижесінде үміткерлер арасынан суырылып шыққан фильм «Көрермен таңдауы» жүлдесінің иегері деп танылды. Одан өзге, үздіктер қатарына ілінген фильмдер арасында «Өлсең де есіңе түсір» (Умри или вспомни) (Үздік жанрлық фильм), «Бауырына салу» фильмінің актері Асхат Кучинчиреков (Үздік дебют), «Айкай» фильмінің сценарийіс Кенжебек Шайқақов (Үздік сценарий), «Мадина» фильмінің операторы Айгүл Нұрболатова (Үздік оператор), «Дәстүр» фильмінің саундтрегі

көрерменге жететіні, кейде жетпейтіні бар. Жүлдеге іліну, жеңуге деген ұмтылыс — адамның табиғатында бар стимул. Екіншіден, осындай іс-шаралар көрермен үшін маңызды. Кейде оларға жақсы, сапалы туындыларды тандап беру қажет болады. Өзіне не қажет екенін білмей жүрген көрермен үздік шыққан фильмдерді тамашалайды, олардың не үшін жоғары бағаланғанына ой жүгіртіледі. Әрине, әр номинация бойынша үздік деп танылғандар сол жүлдеге лайықты. Өйткені номинанттардың жұмысына баға берген кино-

льміндегі рөлі үшін сынға түскен үміткерлердің бірі тыңдарманның сүйіктісіне айналған — Ғалымжан Молданазар. Ол әңгіме барысында киноиндустрия саласындағы үздік туындылар мен авторлардың есімін анықтайтын жоба, әсіресе дебютанттар үшін үлкен мүмкіндік екенін негізге алды. Дегенмен әншінің өзіндік бағамдауы бойынша жүлде нәтижесіне келіспейтін тұстары да жоқ емес.

— Жүлдеге ұсынылған фильмдер жайлы шешім шығарып, жеке пікірімді айту үшін алдымен барлық туындыны қарау керек. Сон-

Мемлекет басшысының 2024 жылғы 15 наурызда өткен Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында берген тапсырмасын орындау және мемлекеттік награда жүйесін жетілдіру мақсатында «Айбын» орденін даңқты батырлардың есімімен атауға қатысты заңға Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары бастамашылық жасаған еді. Осы аптада бастама Сенатта мақұлданды.



«АЙБЫННЫҢ» АЙБЫНЫ

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Жаңа нормаларға сәйкес «Айбын» орденінің түрлі дәрежесіне Сағадат Нұрмағамбетов, Бауыржан Момышұлы, Рахымжан Қошқарбаевтың есімін беру қарастырылған.

«Атап айтқанда, I дәрежелі «Айбын» орденін Сағадат Нұрмағамбетовтің есімімен, II дәрежелі «Айбын» орденін Бауыржан Момышұлының есімімен, III дәрежелі «Айбын» орденін Рахымжан Қошқарбаевтың есімімен атау ұсынылды», — деді Сенат депутаты Андрей Лукин.

Мақұлданған заң даңқты батырлардың жауынгерлік ерлігін мәңгілік есте қалдыру, сондай-ақ жалпыұлттық сананы, қазақстандық азаматтық бірегейлікті

нығайтуға, әскери-патриоттық тәрбиені дамытуға өз үлесін қосады. Сенатор Алишер Сатвалдиев соғыс майданындағы ерлігі — елге мұра, бейбіт күндегі ерен еңбегі ұрпаққа үлгі болған батырларымыз Сағадат Нұрмағамбетовтің, Бауыржан Момышұлының және Рахымжан Қошқарбаевтың есімін ұлықтау арқылы Мемлекеттік наградалар жүйесін жетіл-

діруді мақсат тұтқан заңды толық қолдайтынын жеткізді.

«Әріптестеріміз Нұртөре Байтілесұлы, Ғалиаскар Төлендіұлы және Парламент Мәжілісінің бірқатар депутаты бастамашылық еткен бұл құжат қазір Қазақстан Республикасының мемлекеттік идеологиясының негізгі ұстанымы қазақстандық патриотизмді қалыптастыру

ісіне қызмет етеді деп сенемін. Занда көзделген стратегиялық мақсаттың бірі — жастарды патриотизмге тәрбиелеу, жас ұрпақтың рухын көтеру, адами ұстанымдарды қалыптастыратын тәрбие беру және тәрбиелік ортаны құру. Қазіргі қоғам дамуы тұлғаның жаңа әлеуметтік типін қалыптастыруды, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін елжанды, отансүйгіш ұрпақ тәрбиелеуді талап етеді», — деді ол. Алишер Сатвалдиевтің айтуынша, талқыланып отырған заңның ұрпақтар сабақтастығын

байланыстыруда маңызы ерекше. Сөз соңында сенатор «Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар» деген халық даналығын дәріптей келе, талқылап отырған заңды қолдауға шақырды.

Жалпы, орден-медальдарға тұлғалардың есімін беру көптеген елде бар тәжірибе. Еуразия ұлттық университетінің тарих ғылымдарының докторы, про-

фессоры Мақсат Алпысбес бұл тәжірибе халқы үшін ерен ерлік танытқан батырларымыздың есімін мәңгі есте сақтауға сеп болатынын айтты.

«I дәрежелі «Айбын» орденіне Сағадат Нұрмағамбетовтің, II дәрежелі «Айбын» орденіне Мәскеу түбінде үлкен ерлік көрсеткен Бауыржан Момышұлының және III дәрежелі «Айбын» орденіне Рейхстагқа ту тіккен Рахымжан Қошқарбаев есімінің берілуі өте дұрыс шешім. Бұл жас өскелең ұрпақты отаншылдық және ерлік мінезді етіп тәрбиелеуде зор рөл атқарады. Бұл наградалардың бір міндеті — соғыстағы ұлымдықты күйретіп, жеңіске жетуде қазақ халқының қаһармандарының есімін тағы бір еске алып, тарих ақиқатын ұмыттырмау. Бүкіл әлем гитлерлік Рейхстагқа қазақ батыры Рахымжан ту тіккенін ұмытпауы керек. Барша ел Мәскеуді қорғауда ең үлкен ерлік көрсеткен Бауыржанның соғыс өнерін білуге тиіс. Көптеген әлем елінде өздерінің даңқты, әсіресе елін, жерін қорғаған батырларының және мемлекеттің дамуына үлес қосқан тұлғалардың есімімен осындай наградаларды атау қалыптасқан дәстүр. Соның аясында біздің елде де мақұлданған шешім өте дұрыс деп бағалаймыз. Сондықтан «Айбын» орденінің дәрежелерін әлем майданында ұлы ерлік көрсеткен батырларының есімі берілгені ерлік дәстүрді дәріптеуге қызмет ететін үлкен табыс деп білеміз. Демек, бұл «Айбын» ордені наградаларының дәрежелеріне батыр аталарымыздың есімін бекіту, барша әлемге ел қорғаудағы қазақ ерлігінің үлгісін асыл өнеге етуге тиіс», — дейді тарихшы М. Алпысбес.



«Азиялық Газқұбыры» ЖШС өндірістік объектілерінің және оларға іргелес орналасқан жер учаскелерінің аумақтарында, вахталық кенттердің асханасында тамақтандыруды ұйымдастыру, әкімшілік, тұрғын, қойма, өту орындары, технологиялық және өзге үй-жайлардың жабдығына, инженерлік желілеріне техникалық және сервис қызметтерін көрсету» қызметтерін сатып алу жөніндегі ашық тендердің нәтижелері туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС №1,2,3,4,7,8,9,10,11 лоттар бойынша - Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Алматы ауданы, Жүмекен Нәжімеденов к-сі, 29 үй, 46 пәтер, 6, БСН 171140038442, «Turan Service Development» ЖШС тендерлік өтінімі «Вахталық кенттердің асханасында тамақтандыруды ұйымдастыру, «Азиялық Газқұбыры» ЖШС өндірістік объектілерінің және оларға іргелес орналасқан жер учаскелерінің аумақтарындағы әкімшілік, тұрғын, қойма, өту орындары, технологиялық және өзге үй-жайлардың жабдығына, инженерлік желілеріне техникалық және сервис қызметтерін көрсету» қызметтерін сатып алу бойынша жеңімпаз болып танылсын.

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС №5,6,12,13,14 лоттар бойынша - Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Назарбаев даңғ., 110 үй, 112 кеңсе, 060840006256 «Қазақстандағы Хуа Ю Интернационал» ЖШС тендерлік өтінімі «Вахталық кенттердің асханасында тамақтандыруды ұйымдастыру, «Азиялық Газқұбыры» ЖШС өндірістік объектілерінің және оларға іргелес орналасқан жер учаскелерінің аумақтарындағы әкімшілік, тұрғын, қойма, өту орындары, технологиялық және өзге үй-жайлардың жабдығына, инженерлік желілеріне техникалық және сервис қызметтерін көрсету» қызметтерін сатып алу бойынша жеңімпаз болып танылсын.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-02-04.

«GoldFinMarket» Микрораржы ұйымы» ЖШС
сатып алынбаған кепілдегі мүліктерге: алтыннан жасалған бұйымдар
№ 1 - №143 лот бойынша сауда жариялайды:

Бастапқы бағасы:

1. 585 сынаманың 1 санындағы бұйымдар — 20 186 теңге/грамм
2. 585 сынаманың 2 санындағы бұйымдар — 22 204 теңге/грамм
3. 585 сынаманың 3 санындағы бұйымдар — 24 223 теңге/грамм
4. 750 сынаманың 1 санындағы бұйымдар — 25 789 теңге/грамм
5. 750 сынаманың 2 санындағы бұйымдар — 28 467 теңге/грамм
6. 500 сынаманың төмен сынама бұйымдар — 17 253 теңге/грамм

Аукцион 15.00-де 10.05.2024 жылы Астана қаласы, Сейфуллин көшесі, 14 үй мекенжайы бойынша өтеді.

Аукционға қатысу үшін өтініштер келесі мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сейфуллин көшесі, 14 үй мекенжайы бойынша ағылшын әдісімен өтеді.

тел. 8 (717-2) 22-22-25; 8 (775) 154-17-49

Кепілдік жарна сомасы ұсынылған сомадан 5% төлем ақысы қабылданады. Аукцион басталатын уақыттан 1 сағат бұрын өтініштерді қабылдау тоқтатылады. Төлем жасау шарты 100% - 5 жұмыс күні ішінде.

Деректемелер: «GoldFinMarket Микрораржы ұйымы» ЖШС, БСН 071140021635.

СТН 581500213269, ЖСК KZ39551X125000008KZT, БСК KSN-VKZKA, КБе 15, «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ
Сенімді тұлға: Шакирова Асемгуль Каирбековна.

ТОО «Микрофинансовая организация GoldFinMarket»
объявляет торги невъкуленного залогового имущества:
изделия из золота по лотам с № 1 - №143

Стартовая цена:

1. Категория 1 изделия 585 пробы — 20 186 теңге/грамм
2. Категория 2 изделия 585 пробы — 22 204 теңге/грамм
3. Категория 3 изделия 585 пробы — 24 223 теңге/грамм
4. Категория 1 изделия 750 пробы — 25 789 теңге/грамм
5. Категория 1 изделия 750 пробы — 28 467 теңге/грамм
6. Низкопробное изделие 500 пробы — 15 359 теңге/грамм

Аукцион состоится 10.05.2024 года в 15.00 по английскому методу по адресу: г.Астана, ул. Сейфуллина 14.

Заявки на участие в аукционе принимаются по адресу: г.Астана, ул. Сейфуллина 14,

тел. 8 (717-2) 22-22-25; 8 (775) 154-17-49

Сумма гарантийного взноса — 5% от заявленной суммы. Прием заявок прекращается за 1 час до проведения торгов. Условия оплаты 100% в течение 5-ти рабочих дней.

Реквизиты: ТОО «Микрофинансовая организация GoldFinMarket», БИН 071140021635, РИИК 581500213269, ИИК KZ39551X125000008KZT, БИК KSNVKZKA, КБе 15, АО «Банк Фридом Финанс Қазақстан»
Доверенное лицо: Шакирова Асемгуль Каирбековна.

Объявление об итогах открытого тендера по закупке услуг

«Организация питания в столовой вахтовых поселков, техническое и сервисное обслуживание оборудования, инженерных сетей административных, жилых, складских, проходных, технологических и иных помещений на территориях производственных объектов и прилегающих к ним земельных участках ТОО «Азиатский Газопровод»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает победителем по закупке услуг «Организация питания в столовой вахтовых поселков, техническое и сервисное обслуживание оборудования, инженерных сетей административных, жилых, складских, проходных, технологических и иных помещений на территориях производственных объектов и прилегающих к ним земельных участках ТОО «Азиатский Газопровод» по Лотам №1,2,3,4,7,8,9,10,11 тендерную заявку ТОО «Turan Service Development» - Республика Казахстан, 010000, город Астана, район Алматы, ул. Жүмекен Нәжімеденов, дом 29, н.п. 6, БИН 171140038442.

ТОО «Азиатский Газопровод» признает победителем по закупке услуг «Организация питания в столовой вахтовых поселков, техническое и сервисное обслуживание оборудования, инженерных сетей административных, жилых, складских, проходных, технологических и иных помещений на территориях производственных объектов и прилегающих к ним земельных участках ТОО «Азиатский Газопровод» по Лотам №5,6,12,13,14 тендерную заявку ТОО «Хуа Ю Интернационал в Казахстане» - Республика Казахстан, город Алматы, пр. Назарбаева, дом 110, офис 112, БИН 060840006256.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-02-04.

Кәмила ЕРКІН

Биыл да Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы елдегі медициналық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін қатаң сынға алған болатын. Үздік әлемдік тәжірибеге сәйкес денсаулық сақтау саласын қаржыландыру бойынша мемлекеттік саясаттың негізгі міндеті – денсаулық сақтау жүйесін дамыту болуға тиіс. Ал Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мамандарының айтуынша, медицинадағы қаржыландыру мөлшері, ашықтық пен оның тиімділігіне қатысты проблемалар саладағы негізгі қағидаттарды қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді.

Қазақстанда 2020 жылдан бастап тегін денсаулық сақтау қызметтерін тегін көрсету жүйесі аралас тәртіпте қаржыландырылады. Яғни, қазір ол бюджеттік қаржыландыруға және міндетті медициналық сақтандыру жүйесіне негізделген. Дегенмен сарапшылар аталмыш мәселелердің түпкі себебін қаржыландырудың жеткіліксіздігімен байланыстырады.

ТЕГІН ҚЫЗМЕТ ТЕККЕ КЕТПЕСІН ДЕСЕК

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры стратегия департаментінің директоры, Дамир Көпжасаров, МӘМС жүйесін енгізудің негізгі тұжырымдамасы халыққа медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру деген пікірде. Оның айтуынша, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және МӘМС шеңберінде амбулаториялық-емханалық көмекке жұмсалатын шығыстардың үлесі 2025 жылға қарай 60%-ға дейін жеткізумен кезең-кезеңімен арта түспек.

– 2023 жылдың қорытындысы бойынша, ТМҚҚ және МӘМС шеңберінде амбулаториялық-емханалық көмекке жұмсалатын шығыстардың үлесі 57,3% құрады. МӘМС енгізілуімен 2020 жылдан бастап клинко-диагностикалық қызметтерді (КДК) қаржыландыру 15 есе, стационарды алмастыратын медициналық көмекті және амбулаториялық дәрілік қамтамасыз етуді 3 есе, жоғары мамандырылған медициналық көмек, медициналық оңалту және МСАК-ты 2 есе өсуі байқалады. Сонымен қатар бір тұрғынға Денсаулық сақтау шығындары 2 есеге – 56 мың теңгеден 122 мың теңгеге дейін өсті, – дейді ол.

Дегенмен Halyk Finance аналитикалық орталығы мамандары Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесінің негізгі проблемасы – тегін медициналық қызметтердің қолжетімді болмауы деген пікірде. Мысалы, егер қала тұрғынының қалтасы көтерсе ақылы түрде сапалы және кәсіби медициналық көмекке жүгіне алады. Елімізде дәрі тапшылығы жоқ сондықтан көптеген препаратты сатып алу да мәселе туғызбайды. Егер ауыл тұрғыны болса, медициналық қызметтер мен дәрі-дәрмектерді төлеуге жеткілікті қаражаты болса да, сапалы қызмет алуға мүмкіндігі бола бермейді. Сарапшылар бұл жерде де мәселе халықтың нақты табысына келіп тірелетінін алға тартады. Өйткені жеке медициналық компаниялар табысы төмен ауыл-аймақтарда бөлімшелерін ашуға құлықсыз.

«Сондықтан еліміздегі табысы төмен азаматтар жеке немесе мемлекеттік медициналық ұйымда те-



МЕДИЦИНА ҚАУҚАРЫ ҚАРАЖАТҚА БАЙЛАНЫСТЫ

гін қызмет алу барысында мынадай проблемамен бетпе-бет келеді:

- барлық медициналық қызметтер тегін қол жетімді емес;
- мамандандырылған тегін қызметті алу үшін бірнеше күн күтуге тура келеді;
- Көп жағдайда тегін медициналық қызметтер сапасыз, кәсіби емес, ескірген немесе тозған жабдықта, әсіресе ауылдық жерде тұрсаңыз тозығы жеткен бөлмелерде көрсетіледі», – дейді Halyk Finance басқарма басшысының кеңесшісі, қаржыгер Мұрат Темірханов.

Медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету бөлігіндегі тағы бір өзекті мәселе халықты МӘМС жүйесімен қамту мәселесі. Өйткені Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының мәлімдеуінше, 2024 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша елімізде 3,6 млн адам, яғни халықтың 18,1%-ы МӘМС жүйесінен тыс.

«Осыған байланысты, заңнамалық деңгейде 2025 жылдан бастап жергілікті атқарушы орган қаражаты есебінен МӘМС жүйесіне дағдарыстық (D), шұғыл (E) әлеуметтік әл-ауқат деңгейі бар адамдардың санаттарын тарта отырып, МӘМС жүйесімен халықты қамтуды арттыру мәселесі пысықталуда. Бұл шаралар МӘМС жүйесінде дағдарысты және шұғыл деңгейі бар адамдар санатынан 948 мың адамға медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Медициналық-санитарлық алғашқы көмек аумақтық жақындығын қамтамасыз ету мақсатында денсаулық сақтау ұйымдары желісінің мемлекеттік нормативі қайта қаралды. Енді 50 тұрғыны бар ауылдарда мейрбике алғашқы медициналық көмек көрсетеді, бірақ орын-жай қарастырылмайды. Ал 500 адам тұратын ауылдарда медицина қызметкерлерінің саны бір адамнан үшке дейін ұлғайтылады, – дейді Д.Көпжасаров.

Бұл мемлекет тарапынан мәселенің түйінін тарқатуға бағытталған шаралар десек, қазіргі ахуалымызды ЭЫДҰ мүше дамыған елдерімен салыстырған тәуелсіз сарапшылар әлі де атқарушы жұмыс жеткілікті екенін аңғартып отыр. Мәселен, Halyk Finance зерттеу орталығы еліміздегі тегін медициналық қызметтерді қаржыландыру мөлшерін отырып көрсеткен. Инфографикада Қазақстандағы денсаулық сақтау шығындарына жұмсалатын қаражаттың ЖІӨ-ге қатынасы ЭЫДҰ елдеріндегі орташа көрсеткіштен үш есе төмен

Қазірдің өзінде әлемде денсаулық сақтау саласында робототехника, нанотехнология, сәулелік диагностика, гендік инженерия секілді серпінді технологиялар жетерлік.

Болашақта олардың әлеуеті арта түспек. Мысалы, медицина саласындағы әйгілі футуролог Рэй Курцвейл: «2031 жылы адам ағзаларын басып шығаруға арналған 3D принтерлер кез келген деңгейдегі ауруханаларда қолданылады, 2032 жылы нанороботтар медициналық мақсатта қолданыла бастайды. Олар адам жасушаларына қоректік заттарды жеткізе алады», – дейді. Десе де, әлемдік медицина жетістіктері елімізді айналып өтіп жатқандай. Себебі елімізде халыққа медициналық көмек көрсетудің қолжетімділігі мен сапасы жиі сынға ілігеді.

екенін көруге болады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы бюджеттік қаржыландыру кезінде жүйенің қалыпты жұмыс істеуі үшін медицинаға жұмсалатын шығыстардың ең төменгі деңгейі дамыған мемлекеттерде ЖІӨ-нің 6-9%-ына және дамушы елдердегі ЖІӨ-нің кемінде 5% -ына жеткізуді ұсынады.

«БӘРІМІЗ БІРІМІЗ ҮШІН»

Мәселен, АҚШ-та денсаулық сақтау саласын бюджет емес, сақтандыру ұйымдары қаржыландырады. Нәтижесінде, медициналық ұйымдары тиімді жұмыс істейді. Америка Құрама Штаттары ғылыми зерттеулердің деңгейі мен тиімділігі бойынша әлемде жетекші орын алатыны жасырын емес. Ондағы денсаулық сақтау ең озық медициналық жабдықтармен, дәрі-дәрмектермен және керек-жарактармен қамтамасыз етілген. Медицина саласындағы Нобель сыйлығының көп бөлігін АҚШ өкілдері алады. Тіпті, соңғы 20 жылда жасалған барлық жаңа дәрі-дәрмектердің жартысына жуығы АҚШ-та жасалған. Табыс деңгейі бойынша да америкалық дәрігерлер басқа елдердегі әріптестерінен әлдеқайда жоғары.

Елімізде МӘМС жүйесі енгізілгеннен әлі де саланы мемлекеттік қаржыландыру жүйесі басым түсіп отыр. Мұны Денсаулық сақтау министрі төмендегідей түсіндіреді.

«МӘМС жүйесі – жинақтаушы емес және дербес шоттарды көздемейді, бірақ ынтымақтастық қағидаты бойынша жұмыс істейді. Бұл медициналық көмекке жүгінбейтін азаматтардың жарналары жоғалып кетпейді, қайтарылмайды, бірақ емделуге мұқтаж басқа пациенттерге қайта бөлінеді дегенді білдіреді. Бұл, әсіресе құны 1 млн теңгеден 40 млн теңгеге дейінгі қымбат тұратын медициналық көмек көрсету жағдайларында, жинақтау жүйесі шеңберінде мүмкін емес айрықша технологияларды қолдану жағдайларында өте маңызды», – деген болатын ведомство басшысы.

С.Қайырбекова атындағы ұлттық ғылыми денсаулық сақтауды дамыту орталығының 2022 жылғы есебіне сәйкес, әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры мемлекеттік денсаулық сақтау шығындарының 35%-ын қамтыған. Ал қалған 65%-ы мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылған. Оның ішінде тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін қамтамасыз ету шығындары – 54%, ал профилактикалық және емдік шараларды

қамтитын бюджеттік бағдарлама шығындары – 11%.

ДӘРІ-ДӘРМЕКТІң «ДӘРМЕНІ» ҚАНДАЙ?

Halyk Finance аналитикалық орталығы мамандарының айтуынша, халықтың қалтасынан медициналық қызметке төленетін төлемдер кез келген елдегі халықтың қаржылық жүктемесінің өте маңызды көрсеткіші. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының мәліметтеріне сүйенсек, МӘМС енгізудің әсерінен азаматтардың қалта шығысының көлемі 2019 жылғы 33,8%-дан 2022 жылы 31,1%-ға дейін қысқарғанын.

Дегенмен тәуелсіз сарапшылар «Қазақстанда медициналық қызметтер мен дәрі-дәрмектерге халықтың қалтасынан төленетін төлемдердің жалпы сомасы статистиканың жетілмегендігіне және бейресми төлемдерге байланысты айтарлықтай төмендетіліп отыр. Яғни, іс-жүзінде Қазақстан бұл көрсеткіш бойынша ЭЫДҰ елдерінен айтарлықтай артта», – деген пікірді алға тартуда.

Қор мамандары өз кезегінде елімізде 2019 жылдан бері КТ/МРТ қызметтерінің қолжетімділігі 7 есеге, ал оны қаржыландыру көлемі 9 есеге өсті. УДЗ қызметтерінің қолжетімділігі 2 есеге және де қаржыландыру көлемі 4 есеге өскенін мәлімдеп отыр. Сондай-ақ 10 жыл одан да көп күтетін консультациялық диагностикалық қызметтердің үлес салмағы, 2020 жылғы 14%-дан 2023 жылғы 9%-ға дейін айтарлықтай қысқарғанын жеткізді.

«Қазір Денсаулық сақтау министрлігі пациенттің бағытын онтайландыру, кадрлық әлеуетті ұтымды пайдалану мақсатында медициналық көмек көрсету тәртібі бойынша қажетті өзгерістер енгізу үшін қолданыстағы нормативтік-құқықтық базаны талдау бойынша, сондай-ақ жүгіну мен аурудың себебіне байланысты клиникалық-диагностикалық зерттеулер тізбесі бойынша жұмыс жүргізуде. Сонымен қатар қолданыстағы бизнес-процестер, оның ішінде ақпараттық жүйелерде де жетілдірілуде. Бұл шаралар емханалардағы кезектерді қысқартуға, бастапқы буын жұмысының жеделдігін арттыруға, медициналық көмектің қолжетімділігін кеңейтуге мүмкіндік береді», – дейді Дамир Көпжасаров.



Мемлекет басшысы да халыққа Жолдауында жаһандық фармацевтикалық корпорациялармен ынтымақтастықты жандандыруды, инвесторларды тартуды, технологиялар мен жаңа әзірлемелердің трансфертін қамтамасыз етуді, отандық өндірушілермен оффтейкелісімшарттардың көлемі мен номенклатурасын кеңейтуді және отандық өндірістің дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарының үлесін 2025 жылдың өзінде-ақ 50%-ға дейін жеткізуді тапсырған еді.

Жақында Сенаторлар қолжетімді медицинаға мұқтаж елдердің дәрілік препаратқа қол жеткізуді жеңілдетуге бағытталған заңды қарады. «Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері жөніндегі келісімге толықтыру енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» заң ДСҰ-ға қатысушы елдерге патенттелген дәрі-дәрмекті экспортқа мәжбүрлеу лицензиясы бойынша құқық иесінің рұқсатынсыз дәрілік заттарды өндіру құқығын береді.

Сенаторлардың айтуынша, заңның қабылдануы дәрілік препараттарға қолжетімділікті жеңілдетуге, елдегі фармацевтика өнеркәсібін дамытуға жәрдемдесуге, сондай-ақ сауданы дамыту үшін Қазақстанның әлемдік нарықтарға қол жеткізуіне қолайлы жағдайлар жасауға ықпал етпек.

Кез келген елдің бүкіл денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін орташа өмір сүру ұзақтығы арқылы бағалауға болады. Кеңес одағы дәуірінде, 1987 жылы еліміздегі орташа өмір сүру ұзақтығы 69,3 жыл болған. Тәуелсіздік алғаннан кейін бұл көрсеткіш тұрақты түрде төмендей бастады және 1996 жылға қарай 64,1 жыл деңгейіне түсті. Яғни, 9 жылда 5,2 жылға төмендеп, 1978 жылғы көрсеткіш – 64,2 жылға жақындаған. Еліміз тек 2011 жылға қарай 1987 жылғы көрсеткіштерге қол жеткізе алған болатын. Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, былтырғы жылдың сәуір айында бұл көрсеткіш 74,44 жасқа дейін өскен. Бұл еуропалық көрсеткіштен 10-11 жылға аз. БҰҰ-ның 2022 жылдың наурызында жарияланған Life Expectancy Index атты зерттеуінде Қазақстан өмір сүру ұзақтығының индексі бойынша әлемде 167-орынға ие. Осыдан-ақ елдің денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін бағамдауға болады.

Экономиканың негізгі драйвері – өнеркәсіп орындары десек те, оның экологиялық ахуалға елеулі кері ықпалы бары көп жағдайда көзге ілінбей жатады. Мұны күнделікті тіршілікте өндіріс орындарына қоңсылас орналасқан елді мекендердегі топырақ қабаты мен ауаның, өзендері мен көлдердің ластануынан анық аңғаруға болады. Алайда заң талаптарын өрескел бұзып, қоршаған ортаны аса ауыр зиянды қалдықтарға толтырған жағдайларды қолмен істегендер асып кетсе, айыппұлмен құтылып жатқанын байқап жүрміз.

Ақмола облысындағы Степногорск қаласының іргесінде орналасқан шағын ғана Ақсу және Заводской кенттерінің айналасы ірі өндіріс ошақтарынан ешқашан арылған емес. Керісінше, жыл санап көбейіп келе жатқандай. Өткен ғасырдың сонау 1930 жылдарында-ақ бұл елді мекендер орналасқан аймақта алтын өндіріле бастаған. Кейінірек сол мол алтын қоры бар аймақта ірі кен орындары мен шахталар, үйлер, тау-тау болған қалдық үйінділер, қазылған терең шұңқыр карьерлер пайда болған. Қазір өндірістік аймақтағы екі ірі кенттің тұрғындары алтын өндіру компанияларында, Степногорск ЖЭС-де, сондай-ақ подшипник зауыттарында жұмыс істейді.

Ақсу кентінің белсенді тұрғындарының бірі Григорий Вингертер бірнеше жыл бойы зерттеу жүргізудің арқасында Ақсу және Заводской кенті мектептерінде радон сәулеленуінің шектен тыс жоғары екенін анықтайды. Бұған 2022 жылы жергілікті СЭС қызметі арқылы тексеріс жүргізген кезде куә болыпты. Алайда сол екі жылдан бері жергілікті әкімдіктен бастап, қала және облыс әкімдігі, Денсаулық сақтау басқармасы мен министрлігіне, Экология министрлігіне тиісті құжатпен расталған дәлелдерін тапсыра отырып, хат жазғанымен, білім ордаларында балалардың ағзасындағы қорғасын бар ма, жоқ па дегенді анықтайтын скринингтік тексеріс жүргізе алмай келеді.

«Біріншіден, кен өндіру кезінде тұрғындардың өмірі мен денсаулығына елеулі қауіп төнеді. Жоғарыдағы кент тұрғындары үйлерінің кейбірі, тіпті жөндеуге де келмей қалған. Тұрғындар біртіндеп басқа аймақтарға көшіріліп жатқанымен, мәселе түбегейлі шешімін таппай тұр. Екіншіден, Заводской және Ақсу кенттерінде радиациялық және радондық сәулелену аса жоғары. Иондаушы материалдың техногенді ошағы тұрғындардың өмірі мен денсаулығына өте үлкен қауіп төндіріп тұр. Тексеріс қорытындысы бойынша халықтың техногенді көздерден сәулелену мөлшерінің қалыпты нормасы 1 миллизиверт (1 мЗв) болса, мұнда іс жүзінде жылына 6,5 мЗв-ке жетті. Халықаралық радиациялық қорғаныс жөніндегі комиссия да жылына 1 мЗв мөлшерді қалыпты, 1-5-ке дейінгі сәулеленуді төтенше экологиялық жағдай, ал 5 мЗв асқан жағдайда экологиялық апат ретінде тануды ұсынған. Ақсуда топырақтың құрамындағы қорғасынның да деңгейі өсіп кеткен. Бұл балалардың ақыл-есі мен дамуының тежелуіне әкеліп соғатын болып шықты. Әрі жүргізілген тексеріс бойынша ең көп радон



ҚАУІШТІ РАДОН НЕМЕСЕ БАЛАНЫ СӘУЛЕДЕН САҚТАЙЫҚ

сәулеленуі білім ордаларында екені анықталды. Бұған дәлел соңғы 2023 жылы ғана Заводской кентінде 8 бала, Ақсу кентіндегі тағы 8 бала аутизмге шалдыққаны осы сөзіме айқын дәлел», – дейді Г.Вингертер.

Григорий Вингертердің жүргізген зерттеулерінен кейін іске кіріскен Астана медицина университеті мен Жапонияның Цукуба университеті де мектеп ғимараттарындағы радон мөлшерінің шамадан тыс мөлшерде екенін анықтаған. Зерттеу нәтижесі бойынша мектептің барлық қабатында радон белсенділігі 6965 Бк/м³-тен асып кеткенін анықтаған. Қалыпты мөлшер 200 Бк/м³ ғана. Ал осыдан кейін СЭС қызметкерлері жүргізген тексерісте бұдан да жоғарылап 7391 Бк/м³ яғни қалыпты көрсеткіштен 37 есе артық болып шыққан.

Қоғам белсендісі түйткілді мәселені шешу үшін тек жергілікті масштабта төтенше жағдай жариялау арқылы елді мекендегі тұрғындарды қауіпсіз орындарға көшіру мәселені біржақты шешуге ықпал етуге тиіс деп санайды. Түйткілді мәселені шешу мақсатында мемлекеттік құзырлы органға бірнеше мәрте хат жолданып, арада хат алмасу өткенімен, еш нәтиже болмаған. Мұнымен қоса, ол өңірде радон сәулеленуі мен радиациялық қауіп халықтан мұқият жасырылған деп санайтынын жеткізді.

Балалардың ағзасына скринингтік тексеріс жүргізуді сұрағанымен, облыстық Денсаулық сақтау басқармасы оның Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен талапқа сай келмейтінін, сондықтан тексеріс жүргізілмейтінін мәлімдеген.

«Ақсу және Заводской кенті балаларының ағзасында қорғасынның бар-жоғына скринингтік зерттеу жүргізуге қатысты Қазақстан Республикасында балаларға скрининг Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2020 жылдың 30 қазанындағы №ҚР ДСМ-174/2020 «Скрининг-



тік зерттеулерге жатқызылған мақсатты тұлғалар тобын бекіту сонымен қатар аталған зерттеулерді өткізу көлемі мен кезеңділігі туралы» бұйрығына сәйкес өткізіледі. Талдау барысында Ақсу және Заводской кентінде балалар арасында аурудың өсуі байқалмады. Анықтама түрінде келтірсек, қорғасынның бала ағзасындағы әрекеті кан аурулары, есту қабілетінің ішінара бұзылуы, гипертониялық, жұмысқа қабілеттіліктің төмендеуі, ақылы мен физикалық дамуының төмендеуіне әкеліп соғады. Өз кезегінде басқарма «Алтын Алмас» ЖШС-ның әкімшілігіне Қазақстан Республикасының Әкімшілік іс жүргізу кодексінің 91-бабының 3-тармағына сәйкес қажетті зерттеу өткізуге ықпал ету туралы хат жолдады», – деді Ақмола облысының Денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Елена Иванова.

Степногорск қаласы әкімдігі аталған мәселеге орай арнайы жиын ұйымдастырылып, оның қорытындысы бойынша Степногорск қалалық Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы мен Төтенше жағдайлар басқармасына міндет жүктелгенін жеткізді.

«2023 жылдың 29 қыркүйегінде өткізілген жиын хаттамасына сәйкес Степногорск қалалық СЭС басқармасына ауыр метал-

дардың бар-жоғын анықтау үшін топырақты зерттеу сынақтарын алуға Ақмола облысының Экология департаментіне хат жолданды. Тиісті жағдайды бақылауға алу қалалық СЭС басқармасы мен Төтенше жағдайлар басқармасына жүктелген», – делінген Степногорск қаласы әкімдігінің жауабында.

Тиісті тексеріс жүргізген Степногорск қалалық СЭС басқармасы расында да, судың құрамында қорғасынның рұқсат етілген мөлшерден аса жоғары екенін анықтаған.

«Суда қорғасынның бар-жоғын анықтау мақсатында СЭС басқармасы Ақсу және Степногорскінің орталықтандырылған

ауызсуын, Сілеті су қоймасын, Ақсу өзенінің суына мониторинг жүргізді. Суда қалыпты қорғасын мөлшері 0,03 мг/дм³ болуға тиіс. Бірақ зерттеу нәтижелері бойынша 9 сынамада алынған суда қорғасынның шамадан тыс көп екені анықталды. Сондай-ақ басқарма Ақсу кентінің маңындағы аумақтың топырағында ауыр металдардың болу-болмауын анықтау үшін жүргізген мониторинг бойынша да қорғасынның 0,5-тен 118,0 мг/кг-ға дейін екені анықталды. Ал қалыпты деңгей 32,0 мг/келіден аспауға тиіс. Топырақтан алынған қорытындыларды одан әрі өз құзыреті шеңберінде шара қолдану үшін Ақмола облысының Экология департаментіне жолдады», – дейді Степногорск қалалық СЭС басқармасының басшысы Гулруза Абрамович.

Алайда Экология департаменті бұл түйткілдің өз құзыретіне кірмейтінін туралы мәлімдепті.

«Топырақтың қорғасынмен ластануы туралы мәліметті тексеру департаменттің сынақ зертханасының аккредиттеу саласына кірмеуіне байланысты тексеріс жүргізу мүмкін емес. Сонымен қатар Степногорск қалалық СЭС ақпаратына сәйкес Ақсу кенті тұрғындарының өтініші бойынша ауыр металл тұздарының құрамына топырақ сынақтары алынды. Онда қорғасын құрамының артуы анықталды. Қазір Ақсу кенті маңында бірқатар ірі өнеркәсіптік кәсіпорын орналасқан. Әкімшілік ден қою шаралары үшін топырақта қорғасынның болу себебін анықтау, сондай-ақ топырақта қорғасынның болуы мен белгілі бір кәсіпорынның қызметі арасындағы тікелей байланысты анықтауы қажет. Ол үшін мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп қосымша зерттеулер жүргізуі қажет. Бұл бағыттағы жұмыс мемлекеттік органдармен ынтымақтастықта жүргізілетін болады», – деді Ақмола облысы Экология департаменті басшысының орынбасары Ержан Ахметов.

Сонымен, әзірге балалардың ағзасына қауіп төндіріп тұрған радон сәулеленуі мен топырақта қорғасынның бар болу мүмкіндігі аса жоғары екенін іргелі жоғары оқу орындарының зерттеулері растағанымен, мемлекеттік құзырлы органдар бұл деректердің денсаулығын тексеруге асығар емес. Болашақ ұрпақтың денсаулығына ауыр қатер төнуі расталғандықтан, құзырлы министрліктер мен ведомстволардың аталған жағдайға дереу арада назар аударып, тиісті тексеріс жүргізіп, жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп шара қабылдауы жөн деген ойдамыз...

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы





алабында жеке кәсіпкер тарапынан салынған «ЕЛАМАН» спорт кешені, SPORT LIFE шағын футбол орталығы да бар.

Ермек Аманжолұлы биыл жергілікті бюджеттен спорт секцияларын жан басына

Жыл басынан бері қала тұрғындары арасында салауатты өмір салтын насихаттаумен қатар, бұқаралық спортты дамыту, спортпен шұғылдануға тарту мақсатында қала аумағында 97 спорттық іс-шаралар өткізіліп,



ШЫМКЕНТТІК СПОРТШЫЛАР ЕРЛЕП ТҰР

Шымкент спортшылары жыл басынан Қазақстан чемпионаттарында мол олжа салып жүр. Қала спортшылары түрлі спорт жарысында 254 алтын, 195 күміс, 249 қола медаль жеңіп алған. Одан бөлек, Азия чемпионаттарында: 10 алтын, 9 күміс және 8 қола, ал әлем чемпионаттары мен кубоктарында: 3 алтын, 2 күміс, 4 қола (жалпы 9) медальға ие болды. Бұл туралы Шымкент қаласының Денешынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Ермек Дәрменов баспасөз брифингінде атап өтті.

спорт клубы, су-спорт кешені мен мемлекеттік жеке әріптестік аясындағы спорт нысандары бар. Аталған мекемелерде спорттың 74 түрі дамытылып келеді. Оның 37-і олимпиадалық, 28-і олимпиадалық емес және 9 ұлттық спорт түрлері. Сондай-ақ 18 490 спортшы оқу-жаттығу сабақтарын жүргізіп жатыр.

Айта кету керек, Шымкент қаласының 2021–2025 жылдарға арналған даму жоспары тізбесінде спорт саласы бойынша 4 нысаналы индикатор аясында денешынықтырумен және спортпен айналысатын азаматтардың санын жалпы халықтың 50 пайызына дейін жеткізу қарастырылған. Сонымен бірге халықтың 1 000 адамға арналған спорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу шарасы, денешынықтырумен және спортпен жүйелі түрде

Назгүл НАЗАРБЕК

Бүгінде үшінші мегаполисте 33 спорттық ұйым жұмыс істеп тұр. Оның 16-ы балалар-жасөспірімдердің және біреуі мүгедектігі бар адамдарға арналған спорт мектебі. Одан бөлек, жоғары спорт шеберлігіне арналған, Олимпиада резервін даярлау орталығы, кәсіби



айналысатын жастарды спортпен қамту қажет. Қазір үшінші мегаполисте құрылысы жүріп жатқан №12 спорт мектебі жуырда пайдалануға берілмек. Ал құрылысына бюджеттен 1,8 млрд теңге қаралған №15 спорт мектебінің іргетасы таяу күндері қаланбақ.

Сонымен қатар биыл балалар игілігіне ұсынылатын нысандардың қатарында Еңбекші ауданы Еламан тұрғын

шаққандағы қаржыландыру жобасына 2 млрд 866,0 млн теңге қаржы қарастырылғанын атап өтті. Қазір жан басына нормативтік қаржыландыру платформасында 109 кәсіпкер біліктілік іріктеуден өтіп, спорттың 17 түрінен 195 секцияда 12 024 баланы спортқа баулып жүр. Осы жоба аясында 328 жаттықтырушы мен 200-ге жуық осы сала маманы жұмыспен қамтамасыз етіліп отыр.

оған 11 мыңнан астам адам қатысқан. Алдағы күндері кәсіби мерекелер қарсаңында Спартакиада жарыстарын өткізу жоспарланып отыр.

Қалалық Денешынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Ермек Дәрменов биыл жыл басынан бері 1 еңбегі сіңген жаттықтырушы, 6 халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 22 Қазақстан Республикасының спорт шебері, 79 спорт шеберіне үміткер спортшылар дайындалғанын тілге тиек етті. «Биыл Париж қаласында өтетін XXXIII Жазғы Олимпиада ойындарына қаламыздың үміткер спортшыларымен өз күзретіміз шегінде тиісті дайындық жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Бүгінде Олимпиада ойындарына 5 спортшымыз (нысана көздеуден Никита Чирюкин, бокстан Сабырхан Махмуд, Таеквондодан Абабакиров Самирхон, семсерлесуден Алимжанов Эльмир мен Сертай Ерлік) жолдама жеңіп алды. Алдағы уақытта грек-рим күресі, көркем гимнастика, стенд ату, әйелдер боксы, байдарка және каноэда есу спорт түрлерінен Олимпиада ойындарына 5 жолдама жеңіп алу жоспарланып отыр», – деп атап өтті Ермек Аманжолұлы.

Қазір Олимпиада ойындарына үміткер спортшылардың тізімдері жасақталып, Олимпиадаға дейін қатысатын рейтингтік және лицензиялық жарыстары бекітіліп, спортшылар қызу дайындыққа кіріскен.

Басқарма басшылығы брифинг барысында бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерін алдағы күндері салынатын спорт нысандарының қазіргі жай-күйімен де таныстырды.

Шымкент қаласы



Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор
Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТЛШЛАР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алғабай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖААҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баиян ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4440
Астана қ. «Медиа-халдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,